

**Сотталғанды қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазалауды атқару  
Нұсқаулығын бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2001 жылғы 11 желтоқсандағы N 151 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 29 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 1715. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2009 жылғы 24 желтоқсандағы № 170 Бұйрығымен

**Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2009.12.24  
№ 170 бұйрығымен.**

" К е л і с і л г е н "

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Б а с П р о к у р о р ы

19 желтоқсан 2001 ж.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару Заңнамасының талаптарына сай қылмыстық-атқару инспекцияларының қызметін ұйымдастыру мақсатында

**Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. Сотталғанды қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазалауды атқаруды қоса беріліп отырған Нұсқаулығы бекітілсін.

2. Осы Бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігі қылмыстық-атқару жүйесі Комитетінің Төрағасына жүктелсін.

3. Осы Бұйрық 2002 жыл 01 қаңтардан бастап күшіне енеді.

*Министр*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ә д і л е т

М и н и с т р і н і ң

2001

ж ы л ғ ы

11

ж е л т о қ с а н д а ғ ы

N 151 бұйрығымен бекітілген

**Сотталғанды қоғамнан оқшаулаумен  
байланысты емес жазалауды атқару туралы  
Нұсқаулық**

**1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1. Осы Нұсқаулық Қазақстан Республикасы Қылмыстық, Қылмыстық-атқару кодекстеріне және сотталғанды қоғамнан оқшаулаумен

байланысты емес жазалауды атқарудың тәртібі мен шарттары мәселелері жөніндегі басқа құқық кесімдеріне сәйкес әзірленген.

2. Сотталған адамды қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес қылмыстық жазаларды атқару соттың заңды күшіне енген үкіміне, қаулысына, ұйғарымына сәйкес жүргізіледі.

3. Қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаларға сотталған адамдар (бұдан әрі - сотталғандар) Қылмыстық, Қылмыстық-атқару заңдылықтары белгіленген шектеулерімен Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтарын иеленеді және міндеттерін атқарады.

4. Сотталған шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасы Қылмыстық, Қылмыстық-атқару кодекстерінде көзделген шектеулерімен шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың құқықтық жағдайы туралы халықаралық шарттар және Заңнамалар негізінде Қазақстан Республикасының Конституциясына сай құқықтарға иеленеді және міндеттер атқарады.

5. Сотталғанды қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаларды орындайтын орган қызметі Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген Заңнаманың қатаң сақталуына негізделеді. Осы органдардың лауазымды адамдары өздерінің қызметінде заңдылықтың қамтамасыз етілуі үшін жауапты болады.

6. Қылмыстық-атқару инспекциялары (бұдан әрі - инспекциялар) сотталғанды қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес қылмыстық жазаларды Қылмыстық-атқару Заңнамасына сай атқаратын Қылмыстық-атқару жүйесі бөлімшесі болып табылады.

#### 7. Инспекцияның негізгі мақсаттары:

1) Қоғамдық жұмысқа және түзеу жұмыстарына тарту, белгілі бір лауазымды иелену немесе белгілі бір қызмет түрімен айналысу құқығына айыру түрлеріндегі ж а з а л а у д ы о р ы н д а у ;

2) Шартты сотталғандар, жазалануы кейінге қалдырылған жүкті әйелдер мен балалары бар әйелдердің мінез-құлқына бақылау жасау;

2-1) бас бостандығын шектеу түріне жазаланған сотталғандарды тұрғылықты жері бойынша қадағалауды жүзеге асыру; V030002266

2-2) мемлекеттік наградаларды және оған берілетін құжаттарды алып қою; V 0 7 0 0 0 4 7 9 0

3) қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес сотталғандардың қылмыс жасауы мен басқа да құқық бұзушылықтарының алдын алу.

**Ескерту: 7-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2005.03.31. N 100, 2007.06.21. N 185 бұйрықтарымен.**

8. Өз қызметінде Инспекция ішкі істер органдарымен, сотталғандар жұмыс істейтін кәсіпорындарымен, мекеме және ұйымдарымен (бұдан әрі - ұйым) жергілікті мемлекеттік басқару органдарымен, прокуратураларымен, соттармен және қоғам бірлестіктерімен өзара қимыл жасайды.

9. Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі (бұдан әрі - ҚАЖ комитеті) құрамындағы қылмыстық-атқару инспекцияларға басшылық ету басқармасы, облыстардағы және Алматы, Астана қалаларындағы ҚАЖБ қылмыстық-атқару инспекциялар (бұдан әрі - ҚАИ) басшылығы жөніндегі топтар, бөлімдер, бөлімшелер, қылмыстық-атқару инспекциялардың аймақтық органдары қоғамнан оқшаулау байланысты емес қылмыс жазаларды орындайтын органдары болып табылады.

**Ескерту: 9-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007.06.21. N 185 бұйрығымен.**

10. ҚАЖ комитеті құрамындағы қылмыстық-атқару инспекция Басқармалары, облыстардағы және Алматы, Астана қалаларындағы ҚАЖБ қылмыстық-атқару инспекцияларының топтары, бөлімдері, бөлімшелері:

1) аймақтық Инспекцияларының қызметіне ұйымдылық-әдістемелік басшылық пен бақылауды қамтамасыз етеді. Жүйелі түрде жылында кемінде бір рет, ал қажет болса өзге де мерзімділікпен олардың қызметін тексереді;

2) практикалық көмек көрсетеді, оң тәжірибені енгізеді, Инспекциялар жұмысының нысандары мен әдістерін жетілдіреді және олардың қызметкерлерінің шеберлігін арттыруды ұйымдастырады;

3) Инспекциялар жұмысын талдау негізінде облыстардағы және Алматы, Астана қалаларындағы ҚАЖБ басшылығы үшін, ҚАЖ комитеті, прокуратура, сот және жергілікті мемлекеттік басқару органдарына ақпараттық талдау, есеп беру және өзге де материалдарды дайындайды;

4) есепте тұрған адамдардың ауыр немесе аса ауыр санатына жататын қайта қылмыс жасау фактілері бойынша Инспекция ІБ қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесімен бірлесе осы қылмыстың жасалуына ықпал ететін себептер мен жағдайларын айқындап, айыпты адамдарды тәртіптік жауапкершілікке тарта отырып, қызметтік тергеу өткізеді. Қорытындының көшірмелері 10 күн мерзімде ҚАЖ Комитетіне ұсынылады.

**Ескерту: 10-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2005.03.31. N 100, 2007.06.21. N 185 бұйрықтарымен.**

11. Инспекцияның аймақтық органдары:

1) қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес сотталғандарды есепке алуын ұйымдастыру;

2) сотталғандармен профилактикалық жұмыс жүргізу;

3) атқаруға келіп түскен үкімдер, ұйғарымдар, қаулылар бойынша сотпен

және Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есеп комитеті басқармасы", "Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есеп комитеті басқармасына (бұдан әрі - ҚС және АЕКБ) тоқсан сайын салғастыру жүргізеді, бұл туралы үш дана етіп салғастыру актісі жасалады. Бірінші данасы сотта қалдырылады, екіншісі соттың соққан белгісімен аумақтық ҚСАО-ға табыс етіледі, ал үшіншісі - Инспекциялардың істерінде сақталады;

Тоқсан сайын аумақтық құжаттандыру және тіркеу бөлімдерімен қойылған және алынып тасталған күзет карточкалары бойынша тоқсан сайын салыстырып т е к с е р у жү р г і з е д і .

Қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаларға сотталған адамдарды есепке қойғаннан кейін 5 жұмыс күн ішінде аумақтық АЕ және ҚЕКБ алфавиттік (Ф-1) есептік карточкаларын жолдайды. Есепте тұрған адамдар жазадан немесе оған қатысты үкімнің өзгеруіне, сонымен қатар заңнамамен көзделген басқа да негіздемелермен босаған жағдайда 5 жұмыс күн ағымында аумақтық АЕ және ҚЕКБ сотталғанды есептен шығару негіздемесі туралы толық мәліметтерді көрсетіп сотталған туралы хабарлама ж о л д а й д ы .

4) бас бостандығын шектеу, белгілі бір қызмет атқару немесе белгілі бір іс-әрекетпен шұғылдану құқығынан айырылғандарға, түзеу және қоғам жұмыстарына тартылған сотталғандарға, шартты түрде сотталғандарға және жазасын кейінге қалдырыла отырып сотталғандарға екі бөлімнен жасалған істер жүргізіледі: бөлімде есепке қою үшін негізі болатын мәліметтер, 2 бөлімінде с и п а т т а й т ы н мә л і м е т т е р ;

5) Шартты сотталғандарды мерзімінен бұрын босату және шартты мерзімінен бұрын босату іздеу және жазаны алмастыру материалдары 2 экземплярда жасалады. Шартты сотталғандарды мерзімінен бұрын босату және шартты мерзімінен бұрын босату материалдары қолдаухаттан, мінездемеден, жұмыс орнының өтінішінен, үкімнің және үкімнің күшіне ену анықтамасының көшірмелерінен, ал іздеу немесе алмастыру - қолдаухаттан, үкімнің және үкімнің күшіне ену анықтамасының көшірмелерінен, бастапқы іздеу шараларының көшірмелерінен және өтелмеген мерзім анықтамасынан тұрады. Бір экземпляр сотталғанның ісінде, екіншісі сотқа жіберіледі.

Жеке және бақылау істерінің сақталуына Инспекция қызметкерлері дербес ж а у а п к е р ш і л і к к ө т е р е д і ;

б) құқық қорғау органдарымен және өзге мемлекеттік органдарымен, ұйымдарымен және азаматтармен өзара қимыл жасап өз қызметін атқарады;

7) өз қызметін облыстардағы және Алматы, Астана қалаларындағы ҚАЖБ бастықтарымен бекітілген тоқсандық жұмыс жоспарында және қызметкерлердің жеке жұмыс жоспарлары негізінде ұйымдастырады;

8) тіркеуде тұрған жүрген жері белгісіз сотталғанды іздеу жөніндегі бастапқы іс - ш а р а л а р д ы жү р г і з е д і ;

9) Сотталған заңмен белгіленген жаза мерзімінің бір бөлігін өтеген жағдайда Инспекция, жазаны өтеуден мерзімінен бұрын шартты түрде босату, жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыруға бір ай мерзімде ұсыныс қолдаухатын (41-қосымша) шығаруға немесе бас тартуға мәселені қарауға міндетті, ол кейіннен сотқа енгізу үшін прокурорға жіберіледі.

Жазасын өтеу мерзімінің заңмен белгіленген бір бөлігін өтеген сотталған адамды шартты түрде мерзімінен бұрын босату мүмкіндігі туралы жәбірленушіні не оның өкілін үкім шығарған сот берген мекен-жай бойынша пошта арқылы Инспекция тапсырыс хатпен (40-қосымша) хабардар етеді.

10) өз құзыретіне жатқызылған мәселелері жөнінде азаматтардың және сотталғандардың хаттарын, арыз-өтініштерін шағымдарын қарайды;

11) сотталғандарды есептен шығарады.

**Ескерту: 11-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2005.03.31 . N 100, 2007.06.21. N 185 бұйрықтарымен.**

## **2. Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны атқару**

12. Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны анықтайтын сот үкімі аймақтық орган Инспекциясына келіп түскен күнінен бастап он күндік мерзімінен кешіктірілмей орындауға алынады.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 39-бабына сәйкес қоғамдық жұмысқа тарту түріндегі жазаны орындау негізгі тәрізді және қосымша жаза р е т і н д е т а ғ а й ы н д а л а д ы .

**Ескерту: 12-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2005 жылғы 31 наурыздағы N 100 бұйрығымен.**

13. Заңды күшіне енгені туралы анықтамасы бар сот үкімінің көшірмесімен қоғамдық жұмыстарға тарту үшін негіздігінің бар екендігін растайтын құжат болып табылады.

14. Инспекция қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны атқару үшін сот үкімін с о т р е с і м д е у к е з і н д е :

1) үкімнің, қаулының көшірмесі оның қосымшаларымен бірге келіп түскен күні кіріс құжаттары журналында тіркейді, ал сонан соң сотталған адамның деректерін арнайы нөмірленіп, бау өткізілген және мөр басылған журналға енгізіледі (3 қосымша). Сотталғанның мекен-жайын өзгертуіне байланысты басқа Инспекциялардан түскен жеке істерді де осындай тәртіпте тіркейді.

Осы Нұсқаулықтың 14-тармағында көрсетілген құжаттардың көшірмелерінде

жазаны орындауға кедергі келтіретін түсінбеушіліктер, қателер кедергі кездескен жағдайда, Инспекция үкімді (қаулыны, ұйғарымды) шығарған соттан келіп түскен материалдар қоса берілетін тиісті сауалды жібереді;

2) үкімнің, қаулының көшірмесі тіркелгеннен кейін сотталған адамға есепке алу карточкасын толтырады (4 қосымша), оны дербес есепке алу картотекасына салады және жеке істі (5 қосымша), күзет карточкасы (6 қосымша) және ашады.

Сотталғанның жеке ісінде: үкімнің көшірмесі, (тиісті жағдайларда ұйғарымның, қаулының, нұсқаманың көшірмелері), сотқа, жергілікті әскери басқару органына жіберілген хабарламалар, ұйымға жіберілген жолдау-анықтаманың көшірмесі, ұйымның жолдау - анықтаманы алғандағы туралы хабарландыруы, қолхат, ПО хабарлама, учаскелік полиция инспекторларының баянаттары, күзет карточканың көшірмесі, әңгімелесу-анықтама, жұмыс істеген уақыттың есепке алу табелі, ұйымның жұмысқа қабылдау туралы бұйрығының көшірме жазбасы, сауалнама және осы адамның жаза өтеуіне қатысты барлық материалдар сақталады. Жеке ісінде болатын материалдар тігіліп, нөмірлену және тізімге енгізілуге тиіс. Жеке істің және есепке алу картотекасының нөмірлері бір-біріне, сондай-ақ үкімнің қаулының, нұсқаманың көшірмесінің журналда тіркелген нөміріне сәйкес келуі т и і с .

Жеке істер мен картотека жұмыс күні аяқталғаннан кейін құлыпқа жабылатын және мөрленетін шкафта сақталады;

3) сотталған адам есепке алынғаннан кейін Инспекция қызметкері қалалық, аудандық ішкі істер органының бастығына сот үкімінің шешімі бойынша сотталған адамға қатысты оның жүріс-тұрысына, мінез-құлқына бақылау жасауды қоғамдық қауіпсіздік бөлімшелеріне тапсыру қажеттілігі туралы хабарлама (8 қосымша) бағыттайды;

4) үкім, қаулы шығарған сот шешімі атқаруға алынғандығы туралы хабарлама (9 қосымша) жібереді.

**Ескерту: 14-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2005.03.31 . N 100, 2007.06.21. N 185 бұйрықтарымен.**

15. Нақты әскери қызметке шақырылуға жататын адамдарды есепке қою туралы тиісті қалалық, аудандық, жергілікті әскери басқару органына хабарлама (10 қосымша) жіберіледі.

**Ескерту: 15-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007.06.21. N 185 бұйрығымен.**

16. Әрбір сотталған адам сол жердегі есебіне қойылғаннан кейін әңгімеге шақырылады, әңгіме барысында оған қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны өтеудің тәртібі мен шарттары түсіндіріледі, оның сауалнамалық деректері, жақын туыстары мен сотталғандар ықпал ету мүмкін мәліметтер,

сондай-ақ оның жүріс-тұрысын бақылау үшін қажетті басқа да мәселелер анықталады.

Кәмелетке толмаған сотталғанды есепке қойған кезде Инспекцияның инспекторы ата-аналары қатысуымен бастапқы сұхбат жүргізу барысында оған қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны өтеудің тәртібі мен шарттарын түсіндіреді, оның сауалнамалық деректері, жақын туыстары және сотталғандарға ықпал ету мүмкіншілігі бар тұлғалар туралы мәлімет, сондай-ақ оның жүріс-тұрысын бақылау үшін қажетті басқа да мәселелер анықталады. Сұхбат өткізілгеннен кейін сотталған адамнан қолхат (11-қосымша) алынып, сұхбат нәтижелері туралы анықтама жазылады, олар жеке ісіне тігіледі.

Әңгіме өткізілгеннен кейін сотталған адамнан қолхат (11 қосымша) алынып, жеке ісіне тігіледі.

**Ескерту: 16-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007.06.21. N 185 бұйрығымен.**

17. Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны жүзеге асыру кезінде Инспекция:

1) жылдың басында аудандардың (қалалардың) жергілікті атқарушы органдардан қоғамдық жұмыстардың объектілері сұралады;

2) жергілікті органдарына облыстық маңызы бар қалалар, республикалық маңызы бар қаладағы (астана) аудан әкіміне, аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдар (селолар), ауылдық (селолық) округтер немесе нақты ұйымға қоғамдық жұмыстарды орындау үшін жолдама - анықтама береді.

Жолдама-анықтамада: сотталғанның сауалнамалық деректері, оның тұрғылықты жері мен негізгі жұмыс (оқу) орны, соның негізінде сотталған Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодекстің бабы, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодекстің 32 бабына сәйкес оның есептелуі, жұмыс беруші - ұйым әкімшілігінің міндеттері (ҚР ҚК 33-бабы).

Инспекциямен берілген жолдама анықтама әкімшілікпен сотталғанды жұмыс істеген уақытына қарай қолданатын норма мен бағалау бойынша бюджетке төлеп жұмыс күні толық емес шартында уақытша мамандығы бойынша нақты лауазымға алу туралы бұйрық шығару негіздемесі болады. Бұйрықта атқару орган немесе жергілікті мемлекеттік басқару органдарының тиісті бюджетіне сотталғандардың тапқан қаражаттары ай сайын есептелу туралы ұйым бухгалтерия ұйғарымы көрсетілуге тиіс.

Ұйым әкімшілігі тікелей шығарылған бұйрықтың куәландырылған көшірмесін Инспекцияға жолдайды, ал ол өз кезегімен заңмен белгіленген

мерзімде орындалу туралы үкім шығарған сотқа хабарлайды.

**Ескерту: 17-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2005.03.31 . N 100, 2007.06.21. N 185 бұйрықтарымен.**

18. Ақшалай төлемінің тиісті бюджетке аударылғандығы туралы төлем тапсырмасының көшірмесі Инспекциясының номенклатуралық істеріне тігіледі.

19. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 42 бабына сәйкес сотталғандар қоғамдық жұмыстарды негізгі жұмыстан немесе оқудан бос уақытында орындайды.

20. Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаға сотталғандар аймақты жақсарттыру жөніндегі тағы басқа жұмыстарға арнайы дайындық талап етілмейтін пайдалы қоғам жұмыстарына тартылу мүмкін.

21. Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны өтеуші адамдар жаза өтеудің белгіленген тәртібі мен шарттарын сақтауға еңбекке адал ниетпен қарауға, белгіленіп берген объектілерде жұмыс істеуге, тұрғылықты жерін өзгергендігі жөнінде дер кезінде хабардар етуге, шақыру бойынша Инспекцияға келуге міндетті.

22. Егер де қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны өтеу кезінде қосымша жұмыстар мен қоса атқарылатын жұмысты атқару сот шешімінің ойдағыдай орындалуына кедергі жасайтын болса, ол жұмыстарды тоқтатуға тиіс. Сонымен қатар, сотталған адамның өтініші бойынша жазаны өтейтін жердегі ұйымның әкімшілігі Инспекция келісімі бойынша жұмыс немесе қоса атқарылатын жұмыс істеуге мүмкіндік беретіндей қоғамдық жұмыстарды орындау кестесін белгілей алады.

23. Сотталғанның тарапынан жаза өтеудің тәртібі және шарттары өрескел бұзылған жағдайларда Инспекция қызметкері жазбаша ескерту (2 қосымша) шығарады, онымен сотталған адам қолын қойып танысады, сонан соң ол жеке іске тігіледі.

24. Қоғамдық жұмыстарға сотталған адамның жаза өтеу кезінде ол туралы міндетті түрде Инспекцияны алдын ала хабардар ете отырып, тұрғылықты жерін ауыстыруға, ол басқа қалаға, ауданға көшіп кеткен жағдайда есепке алу құжаттары тиісті Инспекцияға жіберілуі тиіс. Сотталған адамның жаңа тұрғылықты жеріндегі Инспекция жеке іс пен есепке алу карточкасын алғандығы туралы растау қағаз жібереді. Сотталған адам жұмыс істеген ұйымының әкімшілігі бұрынғы тұрғылықты жеріндегі Инспекция ұсынысы бойынша оны жұмыстан босатады, жаңа тұрғылықты жеріндегі Инспекция оған қайталама жолдама-анықтама береді. Егер тұрғылықты жерін ауыстыру кезінде ол тұратын аудан, қала өзгермеген болса, сотталған адам бұрынғы Инспекциясының есебінде қалады.



25. Сотталғанның еңбекке шектеулі қабілеттілігі анықталған (бірінші немесе екінші топтағы мүгедек деп танылмаған) кезде Инспекция осы адамдар жаза өтеп жатқан ұйымға оларды жұмыстардың неғұрлым жеңіл түрлеріне ұсыныс жасайды.

26. Сотталғанның жеке ісі, қоғамдық жұмыстарды өтеуші адамдарды есепке алу журналы, есепке алу карточкасы дербес есепке алу құжаттары болып табылады. Сотталғанды дербес есепке алудың үш түрі бар: жедел, бақылау және іздеу салынғандардың себебі.

1) қоғамдық түріндегі жазаны нақты өтеуші адамдар жедел есепке алынады.

2) Бақылау есебінде:

жаза өтеуден дәлелді себептерсіз жалтарушы адамдар;  
қоғамдық жұмыстарды жазаның басқа шараларымен алмастыру үшін олардың жеке істері сотқа жіберілген адамдар;  
әкімшілік ықпал ету шарасы ретінде тұтқынға алынған адамдар;  
10 күн ішінде олардың тиісті ұйымдарға келуі туралы растау қағазы (бұйрықтардың расталған көшірмелері) келіп түскенде;  
осы жазаны өтеудің басталуы кейбір дәлелді себептері бойынша кейінге қалдырылғандар;

қайта қылмыс жасауына байланысты бұлтартпау шарасы ретінде қамауда болатын адамдар;

ауруына байланысты жұмыс істемейтін және жұмыс ұсынылмағандар;  
мәселені сот шешкенге дейін адам 1 немесе 2 топтағы мүгедек деп танылған адамдар;

сотталған әйел үкімнің орындалуын кейінге қалдыру туралы соттың шешіміне дейін жүкті болған жағдайда;

олардың жеке істерін алу туралы растау қағаз келіп түспеген, осы Инспекция қызмет көрсететін аумақтың шегінен шығып кеткен адамдар;

еңбекке жарамдылығы немесе созылмалы және өзге де ауыр сырқаттарының болуын анықтау медициналық куәландыру жіберілген адамдар алынады.

3) іздеу салынғандардың есебіне сот ресми түрде іздеу жарияланған сотталғандар алынады.

27. Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жаза мерзімі сотталған адамның қоғамдық жұмыстарды орындаған сағаттары бойынша есептеледі. Қоғамдық жұмыстардың уақыты сотталған адамның демалыс күндері мен негізгі жұмыстан немесе оқудан бос болған кезде төрт сағаттан, ал жұмыс күндері - жұмыс немесе оқу аяқталғаннан кейін екі сағаттан, ал сотталғанның келісімі бойынша - төрт сағаттан аспауы тиіс. Кәмелеттік жасқа толмаған сотталғанның қоғамдық жұмыс

уақыты күніне екі сағаттан аспауы тиіс.

Ескерту: 27-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007.06.21. N 185 бұйрығымен.

28. Апта ішіндегі қоғамдық жұмыстардың уақыты әдетте, он екі сағаттан кем болмайды. Дәлелді себептер кезде Инспекция сотталғанға апта ішінде жұмыс істеу сағатының аз мөлшеріне рұқсат беруге құқылы. Сотталған адамға оның негізгі жұмысы оқу орны бойынша жыл сайынғы берілетін демалыс немесе каникул кезеңінде бұл жағдайларда жазаны атқарудың тоқтатылмауына байланысты қоғамдық жұмыстарды орындаудың ұзақтығы сотталғанның келісімі бойынша күніне төрт сағатқа жетуі мүмкін.

29. Қоғамдық жұмыстардың уақыты жалпы, үздіксіз арнайы еңбек өтіліне қосылмайды, еңбек кітапшалары толтырылмайды.

30. Ұйым әкімшілігінің сотталған адамды жіберген Инспекциядан жолдама - анықтаманы және басқа құжаттарды алған күні қоғамдық жұмыстарды өтеу мерзімінің басталуы болып табылады.

31. Заңдармен көзделген бір қатар дәлелді себептер болғанда Инспекция:

1) жазаны атқарудың басталуын мынадай жағдайларда:  
- сотталғанның медициналық тексеру арқылы расталған еңбекке уақытша қабілетсіздігі кезінде;

- сотталғанның дәлелді себептерімен тұрақты тұрғылықты жерінен уақытша шығып кеткен кезінде (әскери жиындарға тарту, жақын туысқандарының ауыр сырқаты немесе қайтыс болуы және басқа да ерекше маңызы бар жеке мән - жайлар);

- сотталған адамның жаза өтейтін ұйымы жұмыспен уақытша қамтамасыз етілмеген кезде кейінге қалдыруға құқылы.

2) жазаны атқаруды тоқтатуға мынадай жағдайларда:

- сотталған адам сырқаттанғанда;  
- сотталған адамға жұмыс көлемі сынылмағанда;  
- сотталған адам құқық бұзған үшін әкімшілік тұтқында болғанда;  
- жаңа қылмыс жасауына байланысты сотталған адам алдын ала қамау орындарында болғанда;

- әр түрлі себептерге байланысты сотталған адам қоғамдық жұмыстарға шықпағанда.

32. Сотталғанның жаза өтеу орнына бару және кері қайту жолының уақыты еңбек туралы заңдармен осы уақыттың жұмыс уақыты ретінде төлену қарастырылған жағдайлардан басқа кездерде қоғамдық жұмыстардың ұзақтығына қосылмайды.

33. Ұйым әкімшілігі сотталғанды іссапарға жібере алмайды.

34. Сотталған адам медициналық-әлеуметтік сараптама комиссиясының

қорытындысы бойынша 1 немесе 2 топ мүгедегі деп танылған жағдайда Инспекция сотқа оны бұдан әрі жаза өтеуден босату туралы ұсынымхат (1 қосымша), жібереді.

35. Сотталған әйел жаза өтеу кезеңінде жүкті болған жағдайда Инспекция сотқа жаза өтеуді кейінге қалдыру туралы ұсынымхат (1 қосымша) жібереді. Сонымен қатар, бұл ретте ұсынымхатпен бірге сотталған әйелдің жүктілігі мен босауына байланысты жұмыстан босатылған мерзімі көрсетіле отырып, оның жұмыс орны берген анықтама, тұрғылықты жері берген анықтама жіберіледі.

36. Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаға сотталған адамдардың еңбегін пайдаланушы ұйымның әкімшілігі:

1) сотталғандардың оларға белгіленіп берілген жұмыстарды орындауына бақылау жасайды;

2) сотталғандардың орындаған жұмыстары үшін тиісті бюджетке ай сайын қаржы аударды;

3) әр 10 күн сайын Инспекцияға сотталған адамның жұмыс істеген саны туралы хабардар етеді. Әкімшіліктің сотталған адамдар жұмысына тікелей бақылау жасайтын өкілі жүргізетін және мөрмен расталатын табель (13 қосымша) сотталған жұмыс істеген уақытын есепке алу нысаны болып табылады. Ол табелді сотталған адамның жұмысына тікелей бақылау жасайтын әкімшілік өкілі жүргізеді. Табелде күніне әрбір сотталған адам жұмыс істеген сағаттардың нақты саны, әр он күн сайын белгіленіп отырады;

4) Инспекцияны сотталғандардың жаза өтеуден жалтарғаны туралы хабардар етеді.

5) Сотталған адам белгіленген жұмыстарды анықталып берілген сағаттар санына сәйкес атқарғаннан кейін Инспекцияға ол туралы хабарлама-анықтама жібереді және тек Инспекциядан оның есептен алынғандығы туралы растау қағаз алған кезде ғана сотталған адамды белгіленген жаза мерзімін өтеуіне байланысты жұмыстан босатады.

**Ескерту: 36-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2005.03.31 . N 100, 2007.06.21. N 185 бұйрықтарымен.**

37. Ұйымның (кәсіпорынның) әкімшілігі заңды түрде күшіне енген сот үкімін орындамағаны үшін Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 362-бабына сәйкес жауапты болады.

38. Қоғамдық жұмыстарды өтеу тәртібі мен шарттарын бұзуы:

1) сотталғанның инспекцияға есепке алуға келмеуі;

2) сотталғанның көрсетілген мерзімде Инспекция жіберуі бойынша қоғамдық жұмыстарды орындауға кірісуден бас тартуы;

3) оның үш күн бойы дәлелді себептерсіз Инспекция жіберген ұйымдағы жұмысқа шықпауы;

4) сотталғанның қоғамдық жұмыстарды өтеп жүрген ұйымның тәртіп ережелерін бұзуы;

5) еңбек тәртібін бұзуы;

б) Инспекцияға өзінің тұрғылықты жерінің өзгергені туралы хабарламауы болып табылады.

39. Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны өтеуден кәнігі жалтарушы:

1) қоғамдық жұмыстарға дәлелді себептерсіз бір ай ішінде кемінде екі реттен көп шықпаған (жазаны өтеу басталған күнінен бастап немесе қоғамдық жұмыстарға шықпауының бірінші күнінен бастап есептелетін бір айдың ішінде қоғамдық жұмыстар орнына екі және одан да көп рет келмеу);

2) еңбек тәртібін бір айдың ішінде екі реттен көп бұзған (жұмыс орнында алкогольдік, есірткілік, немесе уыттық мас күйде болу, қоғамдық жұмыстарды орындамау, жұмыстан өз еркімен кету, жұмысқа шықпау);

3) жаза өтеуден жалтару мақсатында жасырынушы болып табылады.

**Ескерту: 39-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007.06.21. N 185 бұйрығымен.**

40. Сотталған жаза өтеуден кәнігі жалтарған жағдайда Инспекция сотқа ҚР ҚК-нің 42 бабының 2-бөлігіне сәйкес қоғамдық жұмыстарды басқа жаза түрлерімен ауыстыру туралы ұсынымхат (1 қосымша) сотқа жібереді.

Жаза өтеудің тәртібі мен шарттарын бұзған үшін соңғы бұзу анықталған күнінен бастап он бес күн ішінде қоғамдық жұмыстарды ауыстыру туралы ұсынымхат сотқа жіберіледі.

Инспекция сотқа қоғамдық жұмыстарды басқа жаза түрлерімен ауыстыру туралы дәйекті және дәлелді ұсынымхаттан басқа сотталғанның өзі жазған жазбаша түсініктеме, қоғамдық жұмыстарды өтеу орнындағы ұйым әкімшілігінің анықтамасы, сотталғанға әкімшілік және тәртіптік шаралар қолдану туралы мәліметтер; сотталғанның жеке ісі сияқты қосымша құжаттар жібереді.

### **3. Түзеу жұмыстары түріндегі жазаны атқару**

41. Түзеу жұмыстарына шығарылған үкімдер Инспекцияға үкімнің, ұйғарымның, қаулының көшірмесімен бірге соттың тиісті өкімі келіп түскен күнінен бастап он бес мерзімінен кешіктірілмей атқарылады.

42. Сотталғанды есепке қою үшін Қазақстан Республикасы сотымен шығарылған үкімнің, ұйғарымның, қаулының көшірмелері, өкім орындалу туралы ұйғарым және оның заңды күшіне ену анықтамасы негіз болып табылады.

43. Үкім өзгертілген жағдайларда заңда белгіленген тәртіппен сот үкімінің көшірмесіне мыналар қосылады:

1) үкім өзгерген кезде - кассациялық немесе қадағалау инстанциясы ұйғарымның, қаулының көшірмелері;

2) бас бостандығынан айырудың өтелмеген мерзімі түзеу жұмыстарымен алмастырылған ретте - сот ұйғарымының көшірмесі;

3) бас бостандығынан айырудың кешірім жасау ретімен түзеу жұмыстарына алмастырылған ретте ұйғарымының көшірмесі.

44. Осы Нұсқаулықтың 42, 43-тармақтарында көрсетілген құжаттардың көшірмелерінде жазаны орындауға кедергі жасайтын түсініксіздіктер, қателер кедергі кездескен жағдайда, Инспекция үкімді (қаулыны, ұйғарымды) шығарған сотқа соттан келіп түскен материалдарға қоса беретін тиісті сауалды жібереді.

**Ескерту: 44-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Әділет министрінің 2005 жылғы 31 наурыздағы N 100 бұйрығымен.**

45. Бас бостандығынан айырудың өтелмеген мерзімі түзеу жұмыстары түріндегі жазалармен алмастырылған сотталғандар қамаудан босатылып және жазаны өтеу орнына мемлекет есебінен өзі барады. Түзеу мекемесінің әкімшілігі сотталғанға есепке тұру үшін бару және келу уақыты көрсетілген жазаны өтеу орнына шығу туралы нұсқаманы береді және жеке ісін Инспекцияға жібереді.

**Ескерту: 45-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Әділет министрінің 2005.03.31. N 100, 2007.06.21. N 185 бұйрықтарымен.**

46. Үкімнің, ұйғарымның, қаулының көшірмесі оған қосымшаларымен бірге келіп түскен күні кіріс құжаттары журналында тіркеледі, содан кейін бастықтың бұрыштамасымен нөмірленген, тігілген және хатталған арнаулы есепке алу журналына тіркеу үшін беріледі (14 қосымша). Нақ осындай тәртіппен сотталғандардың жұмыс орны мен тұрғылықты жерін өзгертуіне байланысты басқа Инспекциялардан келіп түскен жеке істер тіркеледі.

47. Үкім, ұйғарым, қаулы шығарған сотқа, сотталған босатылған түзеу мекемесіне Инспекция оны есепке қойған күні сот шешімінің атқаруға қабылданғаны туралы хабарлама (9 қосымша) жібереді.

48. Үкімнің, қаулының көшірмелері тіркелгеннен кейін сотталған адамға есепке алу карточка - тіркеу парағы (15 қосымша), күзет карточкасы (6 қосымша) және мерзімдік-бақылау карточкасын толтырады және жеке іс ашады (16 қосымша).

49. Есепке алу карточка сотталғандардың дербес есепке алу картотекасына, ал мерзімдік-бақылау карточкасы мерзімдік-бақылау картотекасына салынады.

Сотталғанның жеке ісінде: үкімнің көшірмесі (тиісті жағдайларда - ұйғарымның, қаулының көшірмелері) мен жазаны атқару процесін ұйымдастыру мен жүзеге асыруға қатысты барлық материалдар.

Жеке істегі материалдар тігілуге, нөмірленуге және тізімдемеге енгізілуге тиіс. Жеке істің және есепке алу картотекасының нөмірлері бір-біріне, сондай-ақ

үкімнің, қаулының, нұсқаманың көшірмесінің журналда тіркелген нөміріне сәйкес келуі тиіс. Жеке істер мен картотека жұмыс күні аяқталғаннан кейін құлыпқа жабылатын және мөрленетін металл шкафта сақталады.

50. Сотталған адам есепке қойылған туралы сотталғанның тұрғылықты жері бойынша қажетті алдын алу іс-шараларын жүргізу, оның мінез құлқын және белгіленген міндеттерді сақтауын бақылау үшін Инспекция қалалық, аудандық ішкі істер органының бастығына хабарлама бағыттайды.

51. Кәмелетке толмаған сотталғанды есепке қойғанда инспектор ата-аналары қатынасуымен бастапқы әңгіме өткізуге оған жүктелген барлық міндеттерін, оны орындамаудың, қоғам тәртіпті бұзудың немесе жаңа қылмыс жасаудың жауапкершілігін түсіндіруге міндетті.

**Ескерту: 51-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007.06.21. N 185 бұйрығымен.**

52. Нақты әскери қызметке шақырылуға жататын адамдарды есепке қою туралы тиісті қалалық, аудандық, жергілікті әскери басқару органына хабарлама (10 қосымша) жіберіледі.

**Ескерту: 52-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007.06.21. N 185 бұйрығымен.**

53. Әрбір сотталған адам сол жердегі есебіне қойылғаннан кейін әңгімеге шақырылады, әңгіме барысында оған қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны өтеудің тәртібі мен шарттары түсіндіріледі, оның сауалнамалық деректері, жақын туыстары мен сотталғандар ықпал ету мүмкін мәліметтер, сондай-ақ оның жүріс-тұрысын бақылау үшін қажетті басқа да мәселелер анықталады. Әңгіме өткізілгеннен кейін сотталған адамнан қолхат (11 қосымша) алынып, анықтама жазылады, олар жеке ісіне тігіліп сотталғанға айына екі рет тіркеу тағайындалады.

54. Инспекция қажет кезінде жұмысы жоқ сотталғандарды жұмыспен қамсыздандыру Орталықтарына бағыттайды.

55. Түзеу жұмыстары түріндегі жазаны сотталғандардың негізгі жұмыс орны бойынша Инспекциялар жүзеге асырады.

56. Осы Нұсқаулықтың 47-53 тармақтарымен белгіленген тәртіппен түзеу жұмыстарына сотталғандарға құжаттарды рәсімдеп, Инспекция келесі күннен кешіктірмей сотталғанның жұмыс орнын алдын ала нақтылап, осы ұйымның әкімшілігіне үкімнің, қаулының, ұйғарымның көшірмесін хабарлама (18 қосымша) жолдайды.

57. Түзеу жұмысына сотталғандар Инспекцияға үкімнің, ұйғарымның, қаулының көшірмесімен соттың тиісті өкімі келіп түскен күнінен бастап 15 күннен кешіктірілмей жазасын өтеуге тартылады.

58. Түзеу жұмысына сотталғандар жазасын өздері сотталғанға дейін жұмыс істеген ұйымда өтейді. Инспекция әр тоқсан сайын ұйымдардан сотталғандардың көтермелеу және жазалау туралы мәліметтер алады. Аталған адамдарды басқа қызметке немесе жұмысқа ауыстыру немесе босату тек қана Инспекциямен келісім бойынша жүргізіледі. Түзеу жұмыстарын өтеу кезеңінде сотталғандардың Инспекцияның жазбаша рұқсатынсыз өз тілегі бойынша жұмыстан босауына тыйым салынады. Жұмыстан босауға рұқсат және одан тартылу туралы қаулыны (19 қосымша) Инспекция жұмыстан босау себептерін негізділігін тексергеннен кейін сотталғанның жазбаша өтініші негізінде шығарады. Жұмыстан босауға рұқсат беруден бас тартылу жазбаша түрде дәлелденуге тиіс. Сотталғанға оның қабылданған шешімге прокуратура және сот органдарына шағымдану құқығын түсіндіру қажет.

59. Сотталғанның тұрғылықты жерін өзгерту, басқа тұрғылықты жерге көшу мүмкіндігі туралы жолыққанда Инспекция қызметкерлері тиісті Инспекцияға сұрау жолдайды және растау қағазын алғаннан кейін жеке ісін жолдайды. Жаңа тұрғылықты жері бойынша инспекциясы жеке істі алғаннан кейін жеке істі алғандары және есепке қою туралы хабарлама жолдайды, бұл бұрынғы тұрғылықты жері бойынша сотталғанды Инспекция есебінен алып тастауға негіздеме болады.

**Ескерту: 59-тармақ жана редакцияда - ҚР Әділет министрінің 2007.06.21. N 185 бұйрығымен.**

60. Белгілі бір қызметті атқару немесе белгілі бір іс-әрекетпен шұғылдану құқығынан айыру түріндегі түзеу жұмыстарына тағайындалған қосымша жазаны сотталғандардың тұрғылықты жері бойынша инспекциялар атқарады.

61. Дербес есепке алу түзеу жұмыстары түріндегі жазаның атқарылуын қамтамасыз етуге, барлық сотталғандарды еңбекпен қамтуға, олардың еңбекақыларынан ұстап қалуды дұрыс жүргізуге, заңдарда көзделген жағдайларда адамдарды жазадан уақтылы босатуға жәрдемдесуге тиіс. Дербес есеп құжаттары мыналар болып табылады: түзеу жұмыстарын өтеуші адамдарды есепке алу журналы, есепке алу карточкасы және жеке ісі.

62. Түзеу жұмыстарына сотталғандар есептің мынадай түрлерінің бірінде тұрады: жедел, бақылау, ізделушілер есебі.

Жедел есепті мынадай тұлғалар құрайды:

- 1) Еңбекақысынан мемлекет кірісіне ұстап қалу жүргізілетін түзеу жұмыстарына сотталғандар;
- 2) Қосымша және жыл сайынғы ақы төленетін демалыстарда жүргендер;
- 3) Ауыр сырқатына, ақыл-есі бұзылуына байланысты жазасын өтеу кейінге қалдырылғандар, сондай-ақ жазасын өтеу жүктілігіне байланысты кейінге қалдырылған сотталған әйелдер;

4) Түзеу жұмыстарын бас бостандығын шектеумен, қамауға алумен немесе бас бостандығынан айырумен алмастыру үшін, сондай-ақ ауыр сырқатына, ақыл-есінің бұзылуына немесе мүгедектігіне байланысты одан әрі өтеуден босату туралы соттарға мәлімдемелер енгізілген адамдар.

Бақылау есебін есепке қойылған күнінен бастап 15 күн өткенге дейін жұмысқа кірмеген тұлғалар құрайды.

1) Жазасын өтеп жүрген уақытта бұрынғы жұмыс орнынан босатылған және жаңа жұмысқа кірмеген немесе жұмыстан босатылған күнінен бастап 15 күн ішінде тіркеу бар бола тұрып жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органдарда тіркелмегендер;

2) Егер сырқаттану уақыты түзеу жұмыстарын өтеу мерзіміне есептелмесе, сырқатына байланысты жұмыс істемейтіндер;

3) Инспекция қызмет көрсететін аумақтан тыс жерлерге кеткен, олар жөнінде жеке істерінің алынғаны туралы растау келіп түспегендер;

4) Басқа қылмыс жасауына байланысты тыйым салу шарасы тәртібімен тұтқында отырғандар;

5) Әкімшілік жауапкершілікке тартылуына байланысты қамауда ұсталатындар;

6) Маскүнемдіктен, есірткіқұмарлық пен уытқұмарлықтан ауруханада емделіп жатқандар.

Изделушілер есебінде өздері жөніндегі материалдар сотқа берілген адамдар тұрады.

63. Түзеу жұмыстарының мерзімі сотталған жұмыс істеген және соның ішінде оның еңбекақысын ұстап қалу жүргізілген жылдармен және айлармен есептеледі.

Сотталған жұмыс істеген күндер саны сот белгілеген жаза мерзімінің әр айына тұстас келетін жұмыс күндерінің санынан кем болмауға тиіс.

Егер сотталған аталған күндер санын өткермесе және өткерілмеген күндерді жаза мерзіміне есептеу үшін Қылмыстық-атқару кодексінде белгіленген негіздер болмаса, түзеу жұмыстарын өтеу сотталған тиісті жұмыс күндері санын толық өткергенге дейін жалғастырылады.

64. Түзеу жұмыстарын өтеу мерзімінің басы сотталған жұмыс істейтін ұйым әкімшілігінің инспекциядан сот үкімінің, ұйғарымының, қаулысының көшірмесін және басқа да құжаттарды алған күні болып табылады.

65. Сотталған жұмыс істеген және оның еңбекақысынан ұстап қалу жүргізілген уақыттан басқа түзеу жұмыстарын өтеу мерзіміне сол сияқты мыналар есептеледі:

1) Сотталған дәлелді себептермен жұмыс істемеген уақыт, бұл мерзімге сол сияқты сотталған ресми түрде жұмыссыз болып танылған уақытта есептеледі;



2) Сотталғанның сырқаты қатарынан 4 айдан аса созылған ретте инспекция оны жазасын өтеуден босату туралы сотқа мәлімдеме енгізеді;

3) Жазасын өтеу кезеңінде сотталған әйелдің аяғы ауырлаған ретте инспекция оның жүктілігі мен босануына байланысты берілген демалыс сәттен бастап жазасын өтеуді кейінге қалдыру туралы сотқа ұсыным енгізеді;

4) Жұмыс уақытын жинақтап есепке алу қолданылатын ұйымдарда жұмыс істейтін сотталғандарға жазаны өтеу мерзімі жұмыс сағаттарының белгіленген санынан аспайтын есепке алу кезеңіндегі жұмыс уақытының ұзақтығына қарай есептеледі.

66. Жазаны өтеу мерзімінде есептелмейді:

1) ҚР Кодексінің 38-бабының 6-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, өтеу барысында сотталған жұмыс істемеген уақыт;

2) Ішідікпен, есірткілік және уыттылық мастанумен байланысты немесе сонымен байланысты әрекеттерден туындаған сырқаттану уақыты;

3) Қамауға алу түріндегі әкімшілік жазаны өтеу, сондай-ақ жазасын өтеу кезеңінде басқа қылмыстық іс бойынша тыйым салу шарасы тәртібімен қамауда болу уақыты.

67. Ақыл-есінің бұзылуына байланысты сотталғанды жазасын өтеуден босату туралы ұсыным түріндегі өтеу оны жеке ісімен және сот-психиатриялық сараптау комиссиясы қорытындысымен жіберіледі.

68. Медициналық немесе медициналық әлеуметтік сараптау комиссиясының қорытындысы бойынша сотталған адам 1 немесе 2 топтағы мүгедек деп танылған жағдайда сотқа оны жазасын одан әрі өтеуден мерзімінен бұрын босату туралы ұсыным енгізіледі (1 қосымша).

69. Сотталған әйелдің жазасын өтеу кезеңінде аяғы ауырлаған жағдайда инспекция сотқа жүктілігі мен босануына байланысты демалыс берілген күнінен бастап жазасын өтеуді кейінге қалдыру туралы ұсыным жібереді (1 қосымша). Бұл ретте сотқа ұсынымымен бірге: сотталған әйелдің жұмыс орнынан жүктілігі мен босануына байланысты жұмыстан босатылған күні көрсетілген анықтама, тұрғылықты жерінен анықтама жіберіледі.

70. Зейнет демалысына шыққан және жұмысты тоқтатқан адам жөнінде инспекция үкімнің одан әрі атқарылуы туралы мәселені шешу үшін сотқа жүгінеді.

71. Сотталғандардың еңбекақысына сот үкімімен белгіленген мөлшерде ұстап қалу жүргізіледі. Түзеу жұмыстарына сотталғандардың еңбекақысынан ұстап қалу жүргізудің басы болып жазаны өтеу мерзімінің басталған күні саналады.

Ұстап қалу сотталғанның негізгі жұмыс орны бойынша еңбекақысынан қосымша төлемдердің барлық түрлерін, соның ішінде, егер олар бір жолғы сыйақы сипатында болмаса, еңбекке ақы төлеу жүйесімен көзделген ақшалай

сыйлықтарды қоса, әрбір жұмыс істеген ай үшін жүргізіледі.

Ұстап қалу әрбір жұмыс істеген ай үшін айдың екінші жартысына еңбекақы төленген кезде, ал жұмыстан босатылған кезде айдың жұмыс істелген бөлігі үшін жүргізіледі.

Ұстап қалу сотталғанның еңбекақысынан салық пен басқа да төлемдер шығарылып тасталмай, сондай-ақ оған атқару құжаттары бойынша талаптардың бар-жоғына қарамастан жүргізіледі.

72. Инспекция, сотталғанның өзі немесе ол жұмыс істейтін ұйымның әкімшілігі оның материалдық жағдайы нашарланған жағдайда еңбекақысынан ұстап қалудың мөлшерін төмендету туралы сотқа өтініш беруге қақылы. Ұстап қалу мөлшерін төмендету туралы шешім сотталғанның барлық табыстарын ескере отырып шақырылады.

73. Әскери оқуға шақырылған сотталғандардың жұмыс орны бойынша төленетін еңбекақысынан ұстап қалу жүргізіледі.

74. Ұстап қалу жүргізілген кезде сотталғанның еңбекақысының ақшалай және заттай бөлігі ескеріледі. Бұл ретте табыстың заттай бөлігі ұйымның билік етуіне қалдырылады, ал оның мемлекеттік сатып алу (нарықтылық) бағасы бойынша құны мемлекет кірісіне аударылады. Табыстың олардан заттай бөлігін ұстап қалу оның келіп түсуіне қарай және түпкілікті есеп айырысу кезінде жүргізіледі.

75. Ай сайын еңбекақы есептелмейтін және еңбек ақысы белгілі бір кезеңінің (жылдың, маусымның, рейстің, жұмыстың белгілі түрін аяқтаудың) қорытындылары бойынша айқындалатын тұлғалардан ұстап қалу еңбекақы есептелуіне қарай жүргізіледі. Түпкілікті есеп айырысу сотталғанның өткен жылдағы табысы туралы салық пен қаржы органдарының деректері ескере отырылып жүргізіледі.

76. Жеке-еңбек қызметімен шұғылданатын адамдардан және фермерлерден ай сайынғы ұстап қалу сомасы олардың декларациясында жария етілген болжалды табыстарына қарай айқындалады. Түпкілікті есеп айырысу сотталғанның алған пайдасының мөлшеріне қарай жыл қорытындылары бойынша жүргізіледі. Болжалды табыстар мен алынған пайда туралы деректерді Инспекция сотталғандардың тұрғылықты жері бойынша салық органдарынан сұратып алдырып және олардың жеке істеріне қосып тігеді. Жеке-еңбек қызметімен шұғылданатын адамдардан және фермерлер ай сайын пайдасынан ұсталатын ақшаны мемлекеттік кірісіне аударды.

77. Осы тармақтың 75 және 76 тармақшаларында аталған адамдарға ұйымдар жұмысы жалпы нәтижелері үшін жыл қорытындылары бойынша сыйақылар есептелген кезде, түпкілікті есеп айырысқан кезде және еңбекақысы төленген кезде ұстап қалу барлық есептелмеген сомадан емес, осы адамдардан түзеу жұмыстарын өтеген уақытқа бара-бар жүргізіледі.

78. Мыналардан ұстап қалу жүргізілмейді:

1) сотталғандар әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік сақтандыру тәртібімен алатын зейнетақылар мен жәрдемақылардан;

2) еңбекақы жүйесінде көзделмеген біржолғы сипаттағы төлемдер мен сыйақылардан (соның ішінде пайдаланылмаған демалысы үшін берілген өтемақылар).

79. Сотталғанның уақытша еңбекке жарамсыздығы бойынша жәрдемақы оның еңбекақысынан сот үкімімен белгіленген мөлшердегі ұстап қалу шегеріле отырып есептеледі.

80. Ұстап қалған сомаларды ай сайын еңбекақы берілген күні сотталған жұмыс істейтін ұйымның әкімшілігі мемлекеттік кірісіне аударады.

Төлем тапсырыстарымен бір мезгілде банк мекемесіне жүргізілген ұстап қалу бойынша есептеу мәліметтері (19 қосымша) жіберіледі. Есептеу мәліметтері төлем тапсырысының бетінде де, сол сияқты сырт жағында көрсетіледі.

81. Инспекциялар ай сайын есепке алу карточкалары бойынша ұстап қалған сомалардың дұрыстығы мен уақтылы келіп түсуін тексереді және әрі жөнсіздіктер анықталғанда оларды жою үшін шаралар қолданады.

82. Ұстап қалған ақша мезгілінде аударылмаған жағдайда Инспекция аударым жасау жөніндегі мәселені шешу үшін аударылған ұстап қалу сомасын даусыз (акцептсіз) есептен шығару туралы талап-арызбен сотқа немесе сот шешімдерінің орындалуын бақылауды жүзеге асыратын прокуратура органдарына жүгіне алады.

83. Инспекция жылына кемінде бір рет сотталғандардың еңбекақыларынан ұстап қалудың дұрыстығын тікелей олардың жұмысы бойынша тексереді. Тексеру нәтижелері туралы (12 қосымша) екі дана етіп жасалады, оның бірі ұйымда, ал екіншісі ұйым әкімшілігі өкілінің актімен танысқаны туралы белгісімен Инспекцияда сақталады және анықталған кемшіліктердің жойылуын бақылау үшін пайдаланылады.

Сотталғанның жұмысы оның еңбекақысы және жүргізілген ұстап қалу туралы есептеу мәліметтері бұрмаланып табыс етілген жағдайларда Инспекция бұл жайында прокуратураға жазбаша түрде хабарлайды.

84. Сотталғандардың еңбекақысынан ұсталған сомалардың аударылуы және жұмыс істеген күндер саны туралы мәліметтер арнайы істерге тігілетін төлем тапсырмаларының көшірме мен есеп-айырысу мәліметтер негізінде олардың есепке алу карточкаларына енгізіледі, ал сотталғандардың есепке алу карточкаларында осы құжаттар іске тігілген реттік нөмірге сілтеме жасалады.

85. Істің тоқталуымен сот үкімінің күші жойылған немесе ол өзгертілген жағдайларда сотталғанның еңбекақысынан артық ұсталып алған сомалар оған толығымен қайтарылады. Қайтару үшін қадағалау инстанциясының үкімінің

күшін жою және істі тоқтату немесе үкімді өзгерту туралы ұйғарымы, қаулысы  
негіз болып табылады.

Ұсталып қалған сомаларды қайтару оларды жергілікті бюджет қаражатынан банк мекемелері арқылы аударым жасау жолымен жүргізіледі. Егер жазадан босатылған адам осы кезде жұмыс істемейтін немесе басқа жерде жұмыс істейтін болса, аталған соманы бұл адамға қайтару почта арқылы жүргізіледі.

86. Жазаның мерзімі аяқталған күні Инспекция сотталғанның жұмыс орны бойынша оның түзеу жұмыстарын өтегені туралы хабарлау (23 қосымша) жібереді және ұйымның әкімшілігіне оның еңбекақысынан ұстап қалуды тоқтатуды ұсынады. Сотталған басқа негіздер бойынша босатылған кезде ұйым әкімшілігі тиісті құжаттар алынғаннан кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірілмей хабардар етіледі. Сотталғанға жазаны өтегені туралы немесе одан босатылғаны туралы анықтама (24 қосымша) беріледі.

87. Сотталған заңмен белгіленген жаза мерзімінің нақты бір бөлігін өтегеннен кейін, Инспекция осы Нұсқаулықтың 11-тармағы 9) тармақшасына сәйкес ұсыныс және қолдаухат шығарады.

**Ескерту: 87-тармақ жана редакцияда - ҚР Әділет министрінің 2007.06.21. N 185 бұйрығымен.**

88. Жазасын өтеуден шартты-мерзімінен бұрын босату туралы ұсыныста және қолдаухатта сотталғанның жеке басын, оның мінез-құлқын, жазасын өтеу кезіндегі еңбекке құлықтылығын, сондай-ақ жасаған ісіне көзқарасын тәрбиелік іс-шараларға қатысатын және жәбірленушінің денсаулығына және мүлкіне келтірген залалды, мемлекетке келтірген материалдық залалды өтеу бойынша шаралар қолдану сипаттайтын мәліметтер қамтылуға тиіс. Ұсыныспен бір мезгіл сотқа: жұмыс орны мен тұрғылықты жерінен мінездемелер, сондай-ақ оның түзелуін растайтын басқа да құжаттар жіберіледі.

**Ескерту: 88-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007.06.21. N 185 бұйрығымен.**

89. Сот жазасын өтеуден шартты-мерзімінен бұрын босатудан бас тартқан жағдайда соттың бас тарту жөніндегі ұйғарымы шығарылған күнінен бастап кемінде алты ай өтпейінше осы негіз бойынша қайталап кейіннен сотқа енгізу үшін прокурорға ұсыныспен қолдаухат енгізуге болмайды.

**Ескерту: 89-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007.06.21. N 185 бұйрығымен.**

90. Түзеу жұмыстары түріндегі жазаны өтеу тәртібі мен шарттарын бұзу:

1) алдыңғы жұмыс орнынан босатылған күнінен бастап 15 күн ішінде орынды себептерсіз жұмысқа түспегендер не нақ осы мерзім ішінде жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органдарға есепке тұрудан жалтару;

2) Инспекцияға орынды себептерсіз келмеу;

3) Жұмыста болмау немесе жұмысқа ішкілікпен есірткімен немесе уытпен мастанған күйінде.

91. Тәртіп бұзушылықтың осы 90 тармақшасында аталған кез-келген тәртіп бұзу анықталғаннан кейін 15 күн ішінде Инспекция мынадай іс-шараларды жүзеге асырады:

1) сотталғанды Инспекцияға шақырады, тұрғылықты жері бойынша оған барады және одан жол берілген тәртіп бұзушылықтың себептері туралы түсініктеме алады, қажет болған жағдайда жазасын өтеудің белгілі тәртібі мен шарттарын сақтамауының объективті себептерінің болуын растайтын құжаттарды талап етеді;

2) сотталғанмен жазаны өтеудің тәртібі мен шарттарын сақтау, қайталап бұзушылыққа жол бермеу қажеттігі туралы алдын алу әңгімесін өткізеді, бұл туралы анықтама жасайды.

3) Сотталғанның орынды себептері болмаған жағдайда оған түзеу жұмыстарының жазаның басқа түрімен алмастырылу мүмкіндігі туралы жазбаша ескерту (2 қосымша) жасайды.

92. Сотталған шақыру бойынша немесе тіркеуге орынды себептерсіз келмеген жағдайда Инспекция оны алып келтіру туралы (25 қосымша) шығарып оны орындалу үшін ІІ органдарына жібереді.

**Ескерту: 92-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007.06.21. N 185 бұйрығымен.**

93. Тәртіп бұзушылықтардың 90 тармақшасында аталған кез келген тәртіп бұзу үшін оған екі мәрте жазбаша ескерту жарияланғаннан кейін жазаны өтеудің тәртібі мен шарттарын қайталап бұзуға жол берген сондай-ақ тұрғылықты жерінен бой тасалаған, жүрген жері белгісіз сотталған түзеу жұмыстарын өтеуден қасақана жалтарушы болып танылады.

94. Жазасын өтеуден қасақана жалтарған сотталғандар жөнінде Инспекция Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 43-бабының 4 бөлігіне сәйкес сотқа түзеу жұмыстарын жазаның басқа түрімен алмастыру туралы ұсыным (1 қосымша) жібереді.

Ұсынымда сотталғанның жазасын өтеуден жалтаруының нақты фактілері көрсетіледі: жұмыста болмауының саны, жұмыстан босатылғаннан кейін қандай уақыт ішінде ол жұмысқа кірген жоқ немесе жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органдарға есепке тұрған жоқ, Инспекцияға шақыру бойынша орынды себептерсіз келмегені, белгіленген мінездері қандай бұзушылыққа жол берді, оған жұмыс орны, тұрғылықты жері бойынша және Инспекция тарапынан қандай ықпал ету шаралары қолданылды, оларға ол қалай

құлақ асты, сондай-ақ салынған жазалары мен алып келулердің болуы. Ұсынымға сотталғанның жұмыс орны мен тұрғылықты жерінен мінездеме, сотталғанның түсініктемесі және басқа да құжаттар қоса беріледі.

95. Жүрген жері белгісіз сотталған жөнінде ұсынысты оның жазасын өтеуден жалтару мақсатымен бой тасалағаны туралы қолда бар мәліметтер және бастапқы іздеу іс-шараларының нәтижелері көрсетіледі.

96. Жазаны өтеу тәртібі мен шарттарын бұзғаны үшін түзеу жұмыстарын алмастыру туралы ұсыным сотқа қайталап тәртіп бұзушылық анықталғаннан кейін 15 күн ішінде, ал тұрғылықты жеріне бой тасалаған адамдар жөнінде бастапқы іздеу шаралары жүргізілгеннен кейін жіберіледі.

97. Тұрғылықты жерінен бой тасалаған, жүрген жері белгісіз сотталған жөнінде Инспекция сотқа оны іздеуге жариялау туралы қаулы осы Нұсқаулықтың 8 тарауының 171 тармақшасына сәйкес іс-шараларды жүзеге асырады (1 қосымша).

98. Сот түзеу жұмыстарын басқа түрімен алмастырудан бас тартқан жағдайда осы мәселе бойынша қайталап ұсыныс беру сотталғанның жаңа, 90 тармақшасында аталған жазаны өтеудің тәртібі мен шарттарын бұзудың кез келгенін жасағаннан кейін енгізіледі.

#### **4. Белгілі бір қызметті атқару немесе белгілі бір іс-әрекетпен шұғылдану құқығынан айыру түріндегі жазаны атқару**

99. Соттан, түзеу мекемесінен келіп түскен үкімнің көшірмесі кіріс құжаттары журналында тіркеліп, атқару үшін Инспекцияға беріледі. Сотталғандарға басқа Инспекциялардан келіп түскен материалдар нақ осындай тәртіппен тіркеледі.

100. Үкім көшірмесі түскен күні Инспекция есепке алу журналында (26 қосымша) тиісті деректемелерді, күзет (6 қосымша) және бақылау-мерзімдік (7 қосымша) карточкаларын толтырады, үкім қаулы еткен сотқа үкімнің атқаруға қабылданғаны туралы хабарлама жіберіп, жеке іс жүргізеді (39 қосымша).

101. Сот үкімінің атқарылуын қамтамасыз ету мақсатында Инспекция үш күн м е р з і м д е :

1) сотталғанның жұмыс орнын анықтайды және сот үкімінің көшірмесі мен ұйым әкімшілігінің хабарламасын (27 қосымша) жібереді;

2) іс-әрекеттің белгілі бір түрін атқаруға рұқсаттың күшін жоюға құқылы органдарға сот үкімінің көшірмесін немесе оның куәландырылған үзіндісі мен хабарлама (28 қосымша) жібереді. Қылмыстың сипаты (экономикалық қызмет саласында, экологиялық қылмыстар, қозғалыс пен көлікті пайдалану

қауіпсіздігіне қарсы және тағы басқа) мен іс-әрекеттің тыйым салынған түріне қарай Инспекция аталған құжаттарды қызметтің белгілі бір түрлерін лицензиялауды жүзеге асыратын органдарға, қоғамдық бірлестіктерге (аңшылар мен балық аулаушылар, қоршаған табиғи ортаны қорғау қоғамы және тағы басқа)

, ж о л п о л и ц и я с ы н а ж і б е р е д і ;

3) сотталғанды онымен жазаны өтеу тәртібі мен шарттары туралы әңгіме өткізу үшін Инспекцияға шақырады. Әңгімелеу барысында оның сауалнамалық деректері нақтыланып, тексеріледі, оның міндеттері, үкім талаптарын орындамаудың салдарлары түсіндіріледі және тілхат (11 қосымша) алынады, анықталады. Әңгіме өткізілгені туралы анықтама мен қолхат жеке ісіне тігіледі;

4) экономикалық қызмет саласындағы қылмыс үшін сотталғанды есепке қою кезінде экономикалық қылмыстар жөніндегі тиісті аймақты бөлімшелерге мәлімет үшін хабарлама жіберіледі.

Сотталғанның міндеттеріне: үкім талаптарын орындау, аталған жазаны өтеумен байланысты құжаттарды Инспекцияның талап етуі бойынша табыс ету, Инспекцияның жұмыс орны, оның өзгергені немесе жұмыстан босатылғаны туралы х а б а р д а р е т у к і р е д і ;

5) Орналасқан жері үш күннен астам уақыт ішінде анықталмаған сотталған жазаны өтеуден жалтарған деп танылады.

**Ескерту: 101-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007.06.21. N 185 бұйрығымен.**

102. Кәмелетке толмаған сотталған жөнінде Инспекция қалалық, аудандық ішкі істер органының бастығына кәмелетке толмаған істер жөніндегі инспекциямен бірлесіп алдын алу шараларды өткізу туралы хабарлама жібереді.

103. Негізгі, сондай-ақ түзеу жұмыстарына бас бостандығын шектеуге, шартты соттауға, сотталған әйел жөнінде жазаны атқаруды кейінге қалдыруға қосымша жаза ретінде тағайындалған белгілі бір қызметті атқару немесе белгілі бір іс-әрекетпен шұғылдану құқығынан айыру түріндегі жазаны атқаруды тұрғылықты жері бойынша Инспекциялар жүзеге асырады.

**Ескерту: 103-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007.06.21. N 185 бұйрығымен.**

104. Көрсетілген жазаның, бас бостандығын шектеу, қамау, бас бостандығынан айыру және әскери тәртіп бөлімдерінде ұстауды негізгі жазаны орындайтын органдар сотталғанның тұрғылықты жеріндегі Инспекцияда негізгі жазаны өтегеннен кейін жүргізеді.

105. Шартты мерзімінен бұрын босатылған немесе неғұрлым жеңіл жазамен алмастырылған сотталғандар жаза мерзімінің аяқталуы бойынша қамаудан босатылып және таңдаған тұрғылықты жеріне мемлекет есебінен өзі жетеді. Түзеу мекемесінің әкімшілігі сотталған адамға есепке тұру үшін Инспекциясына

бару және келу уақыты көрсетілген жазаны өтеу орнына шығуы туралы нұсқаманы береді және жеке ісін Инспекцияға жібереді. Нұсқамада міндетті түрде сотпен тағайындалған қосымша жазалау шарасы көрсетіледі.

**Ескерту: 105-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 2005.03.31. N 100, өзгерту енгізілді - 2007.06.21. N 185 бұйрықтарымен.**

106. Сотталғанның өзі атқару құқығынан айрылған қызметтен немесе белгілі бір іс-әрекетпен шұғылданудан босатылғаны туралы, сондай-ақ рұқсаттың күші жойылуы және тыйым салынған іс-әрекетпен шұғылдануға құқық беретін құжаттардың алып қойылғаны туралы ұйымнан немесе тиісті органнан келіп түскен хабарлама журналға тиісті белгі соғылғаннан кейін сотталғанның жеке ісін е т і г і л е д і .

**Ескерту: 106-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007.06.21. N 185 бұйрығымен.**

107. Сотталған есепке қойылғаннан кейін бір ай ішінде Инспекция оның жұмыс орны бойынша ұйым әкімшілігінің өзі құқығынан айрылған қызметті атқаратын немесе еңбек іс-әрекетпен шұғылданатын сотталғанмен еңбек шартын өзгерткенін немесе тоқтатқанын (егер сотталған осы ұйымнан босатылмаса), қандай қызмет (іс-әрекет) бойынша жаңа еңбек шарты жасалғанын, сондай-ақ тиісті органның рұқсаттың күшін жоюы мен сотталғанның тыйым салынған іс-әрекетпен шұғылдануына құқық беретін құжаттың алып қойылғанын тексереді. Тексеру өткізу нәтижелері туралы екі дана акт жасалады (28 қосымша). Бірінші дана ұйымда қалдырылады, екіншісі кәсіпорын әкімшілігі танысуы туралы белгісімен Инспекцияда сақталады.

108. Сотталған бұрынғы жұмыс орнынан босатылған жағдайда Инспекция сотталғанның босатылғаны туралы хабарлау алынған сәттен бір ай мерзімде:

- 1) сотталғанның жаңа жұмыс орнын анықтайды;
- 2) жаңа жұмыс орны бойынша хабарлама жібереді (29 қосымша);
- 3) сотталғанның жаңа жұмыс орны бойынша тексереді және оның қызметін анықтайды. Сотталғанның жұмыс орны бойынша тексерудің нәтижелері туралы анықтама жасалады және есепке алу журналына белгі соғылады.

**Ескерту: 108-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007.06.21. N 185 бұйрығымен.**

109. Егер өкімет өкілдері, жергілікті мемлекеттік басқару органдарының қызметкерлері, мемлекеттік ұйымдарының қызметкерлері белгілі бір қызметті атқару немесе белгілі бір іс-әрекетпен шұғылдану құқығынан айыру туралы заңды күшіне енген сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамаған жағдайда Инспекция олардың тарабына ұсыным (31 қосымша)



ж о л д а й д ы .

**Ескерту: 109-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007.06.21. N 185 бұйрығымен.**

110. Сотталғанның сот үкімінің талаптарын бұзу фактісі анықтаған ретте Инспекция онымен жеке әңгіме өткізеді, түсініктеме алады және ол тыйым салынған қызмет атқарған немесе тыйым салынған іс-әрекетпен шұғылданған уақыттың жаза мерзіміне есептелмейтіндігін түсіндіреді. Өткізілген әңгіме туралы анықтама және сотталғанның түсінігі жеке ісіне қосылады.

111. Егер өкімет өкілдері, жергілікті мемлекеттік басқару органдарының қызметкерлері, мемлекеттік ұйымдарының қызметкерлері Инспекцияның ұсынымын алғаннан кейін сот үкімін орындамаған жағдайда, Инспекцияның сот үкімін орындау жөніндегі бірнеше мәрте жасалған талаптарын елемесе, созылыңқы сөзбұйдаға, өзге де іс-әрекеттерге немесе әрекетсіздікке жол берсе Инспекция бұл жайында прокуратура органдарын жазбаша түрде хабардар етеді.

**Ескерту: 111-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007.06.21. N 185 бұйрығымен.**

112. Әрі қарай бақылау мақсатында кемінде алты айда бір рет ұйым әкімшілігімен сотталғанның сот үкімін орындауын тексереді, бұл жөнінде есепке алу журналында тиісті белгі соғылады.

113. Сотталғандар әскери немесе балама азаматтық қызметке шақырылған немесе кірген жағдайда Инспекция жергілікті әскери басқару органына немесе сотталғанның қызмет орны бойынша сот үкімінің көшірмесін қызмет өткерген кезде нақ осы жазаны атқару үшін жібереді. Ілеспе хатта сотталған өтеген жаза мерзімі, сондай-ақ сотталғанның қызмет өткеруі аяқталған кезде жаза мерзімі бітпесе, әскери бөлім қолбасшылығы сотталған қызмет өткеру мерзімінің аяқталғаны туралы хабарлау мен сот үкімінің көшірмесін оның кеткен жері бойынша Инспекцияға жіберуге міндеттілігі көрсетіледі.

**Ескерту: 113-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007.06.21. N 185 бұйрығымен.**

114. Айыппұл төлеуге, түзеу жұмыстарына, сондай-ақ шартты сотталған кезде жазаның негізгі де, сондай-ақ белгілі бір қызметті атқару немесе белгілі бір іс-әрекетпен шұғылдану құқығынан айыру мерзімі, егер бұл ретте жазаның қосымша түрін атқару кейінге қалдырылмаса, сот үкімінің заңды күшіне енген сәтінен бастап есептеледі.

115. Белгілі бір қызметті атқару немесе белгілі бір іс-әрекетпен шұғылдану құқығынан айыру бас бостандығын шектеуге, қамауға алуға, бас бостандығынан айыруға не тәртіптік әскери бөлімде ұстауға жазаның қосымша түрі ретінде тағайындалған ретте аталған жаза мерзімі тиісінше сотталғанның түзеу мекемесінен не тәртіптік әскери бөлімінен босатылған күнінен есептеледі.

Мұндай жағдайларда белгілі бір қызметті атқару немесе белгілі бір іс-әрекетпен шұғылдану құқығынан айыру туралы үкімінің талабы сол сияқты сотталғанның аталған негізгі жаза түрлерін өтеуінің барлық уақытына қолданылады.

116. Жаза мерзімі аяқталған кезде сотталған осы Нұсқаулықтың 7 бөлімінде белгіленген тәртіппен есептен шығарылады.

## **5. Шартты сотталғандардың мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыру**

117. Соттан келіп түскен үкімнің, ұйғарымның, қаулының нақ осы күні кіріс құжаттары журналында тіркеледі. Нақ осындай тәртіппен Инспекциялардан, сондай-ақ кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу жөнінде әскери бөлімшелерден, әскери қызметтен сынақ мерзімі өткенге дейін босатылған сотталғандар жөнінде әскери-оқу орындарынан келіп түскен материалдар тіркеледі.

Сот үкімінің (қаулының, ұйғарымның) көшірмелерінде жазаны орындауға кедергі келтіретін түсінбеушіліктер, қателер кедергі кездескен жағдайда, Инспекция дер кезінде үкімді (қаулыны, ұйғарымды) шығарған соттан келіп түскен материалдар қоса берілетін тиісті сұрауды жібереді.

**Ескерту: 117-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007.06.21. N 185 бұйрығымен.**

118. Материалдар түскен күні сотталғандарды есепке алу журналында (37 қосымша) тіркеледі және осымен бір мезгілде сотталғанға бақылау ісі (31 қосымша), күзет карточкасы (6 қосымша), статистикалық карточка (1 нысан) ашылады. Статистикалық карточканың бір данасы ҚС және АЕКБ жолданады.

Күзет карточкасы тіркеу және құжаттандыру бөлімшелеріне беріледі нақ осы аумақтық әділет органының бөлімшелері қызмет көрсететін аумақта тіркелген адамдардың картотекасына сотталғанның тіркеу есебінен шығарылуын бақылау және сотталғанның тұрғылықты жерінен өзгергені туралы Инспекцияны хабардар ету үшін қоса тігіледі.

Үкім жіберген сотқа сотталған есепке қойылған күні сот шешімінің атқаруға қабылданғаны туралы хабарлама (9 қосымша) жіберіледі.

Мерзімді әскери қызметке шақырылуға жататын адамдардың есепке қойылуы туралы тиісті жергілікті әскери басқару органына хабарлама (10 қосымша) жібереді.

Сотталған есепке қойылған кезде Инспекция қалалық, аудандық ішкі істер органының бастығына алдын алу шараларын жүргізу және сотталғандардың

тұрғылықты жері бойынша мінез-құлқын бақылау үшін хабарлама (8 қосымша) жібереді.

Ескерту: 118-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2005.03.31. N 100, 2007.06.21. N 185 бұйрықтарымен.

119. Тармақ алынып тасталынды - ҚР Әділет министрінің 2003 жылғы 1 наурыздағы N 35 бұйрығымен.

120. Кәмелетке толмаған сотталған жөнінде Инспекция қалалық, аудандық ішкі істер органының бастығына кәмелетке толмаған істер жөніндегі инспекциямен бірлесіп алдын алу шараларды өткізу туралы хабарлама жібереді.

121. Кәмелетке толмаған сотталғанды есепке қойғанда инспектор ата-аналары қатынасуымен бастапқы әңгіме өткізуге қоғамдық тәртіпті бұзудың немесе жаңа қылмыс жасаудың жауапкершілігін түсіндіруге міндетті. Әңгіме нәтижесі туралы анықтама жасалады.

Ескерту: 121-тармақ өзгертілді - ҚР Әділет министрінің 2003 жылғы 1 наурыздағы N 35 бұйрығымен.

122. Сынау мерзімі ішінде шартты сотталғандардың мінез-құлқын бақылауды олардың тұрғылықты жері бойынша Инспекциялар жүзеге асырады.

123. Шартты сотталғандардың қоғамдық тәртіпті сақтауын бақылауды жүзеге асыруға ішкі істер органдарының қызметкерлері тартылады.

Ескерту: 123-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 2007.06.21. N 185 бұйрығымен.

124. Есепке қойылғаннан кейін сотталған әңгімеге шақырылады, әңгіме барысында оған қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны өтеудің тәртібі мен шарттары түсіндіріледі, оның сауалнамалық деректері, жақын туыстары мен сотталғандар ықпал ету мүмкін мәліметтер, сондай-ақ оның жүріс-тұрысын бақылау үшін қажетті басқа да мәселелер анықталады. Әңгіме өткізілгеннен кейін (11 қосымша) анықтама жазылады, ол тілхатпен бірге сотталғанның бақылау ісіне тігіледі.

Ескерту: 124-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2005 жылғы 31 наурыздағы N 100 бұйрығымен.

125. Шартты сотталған:

- 1) Инспекция алдында өзінің мінез-құлқы туралы есеп беруге;
- 2) алынып тасталынды;
- 3) шақыру бойынша Инспекцияға келуге міндетті.

Ескерту: 125-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2003 жылғы 1 наурыздағы N 35 бұйрығымен.

126. Инспекцияға орынды себептерсіз келмеген жағдайларда шартты сотталған мәжбүрлеп алып келу туралы қаулы (24 қосымша) шығарады.

Ескерту: 126-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007.06.21. N 185 бұйрығымен.

127. Сотталған бақылаудан жалтарған жағдайда Инспекция оның жүрген жерін және жалтару себептерін анықтау жөнінде бастапқы іс-шараларды жүргізеді.

128. Сотталған әскери қызметке шақырылған жағдайда жергілікті әскери басқару органына сот үкімінің көшірмесін, ал қажет жағдайларда сотталғанның қызмет өткеретін жері бойынша мінез құлқын бақылауды жүзеге асыру үшін қажет өзге де құжаттарды жолдайды. Ілеспе хатта Инспекция сотталғанның жеке басын және оның мінез-құлқын сипаттайтын деректерді хабарлайды. Әскери бөлім басшылығы он күн мерзімде Инспекцияға осы адамның есепке қойылғаны туралы, ал қызмет аяқталғаннан кейін - оның әскери бөлімінен кеткені туралы хабарлауға, ал егер сынау мерзімі бітпеген жағдайда, Инспекция сот үкімінің көшірмесі мен сотталғанды сипаттайтын басқа да құжаттарды оның мінез-құлқын бақылауды әрі қарай жүзеге асыру үшін жолдауға міндетті.

Ескерту: 128-тармақ өзгертілді - ҚР Әділет министрінің 2003.03.01. N 35, 2007.06.21. N 185 бұйрықтарымен.

129. Сотталғанға қосымша ретінде белгілі бір қызметті атқару немесе белгілі бір іс-әрекетпен шұғылдану құқығынан айыру тағайындалған ретте Инспекция Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің 24-29 баптарымен осы Нұсқаулықпен көзделген іс-шараларды толық көлемде жүзеге асырады.

130. Сынау мерзімі кезеңінде сотталғандардың мінез-құлқын бақылау мақсатында Инспекциялар:

1) Егер ақпараттық қызмет тарапынан сотталғандар жол берген тәртіп бұзушылықтар туралы Инспекцияны автоматтандырылған хабардар ету тәртібі белгіленбесе, ай сайын сотталғандардың қалалық, аудандық ішкі істер органдары жүргізетін қолданыстағы есептер бойынша әкімшілік ықпал ету немесе қылмыстық жауаптылыққа тарту шараларын қолдануға әкеп соққан қоғамдық тәртіпті бұзуын және жаңа қылмыстар жасағанын анықтау тұрғысында тексереді.

2) Сотталғандармен олардың туыстарымен, сондай-ақ сотталғандарға ықпал жасай алатын адамдармен алдын алу әңгімелерін өткізеді. Сотталғандар тарапынан қоғамдық тәртіпті бұзу және қайталап қылмыстар жасау жағдайларын болдырмауға шаралар қолданады.

3) ай сайын есепке қойылған сотталғандар тізімін сотталғандар жасаған қылмыстардың сипатына қарай ішкі істер органдарының қылмыстық және қоғамдық қауіпсіздігі полициясы мен басқа қызметтеріне жібереді Ішкі істер органдарымен бірлескен жоспарлары негізінде сотталғандардың тұрғылықты жері бойынша алдын алу шараларын өткізеді.

4) Сотталғандардың мінез-құлқын бақылауды жүзеге асырумен, олардың тұрмыс салтымен байланысты өзге де іс-шараларды жүргізеді.

Ескерту: 130-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2003.03.01. N 35, 2007.06.21. N 185 бұйрықтарымен.

131. Сотталғанның бақылау ісіне онымен алдын алу әңгімелерін жүргізу туралы анықтамалар және сотталғандардың мінез құлқына қатысты барлық материалдар, сондай-ақ сотталғанның түсініктемелері мен басқа да құжаттар қ о с ы л а д ы .

Ескерту: 131-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2003 жылғы 1 наурыздағы N 35 бұйрығымен, 2005 жылғы 31 наурыздағы N 100 бұйрығымен.

1 3 2 . а л ы н ы п т а с т а л д ы

Ескерту: 132-тармақ алынып тасталды - ҚР Әділет министрінің 2007.06.21. N 185 бұйрығымен.

133. Сынау мерзімі өткенге дейін үлгілі мінез-құлқымен өзінің түзелгенін дәлелдеген сотталғанға сот шарты соттаудың күшін жоюы және белгіленген сынау мерзімінің кемінде жартысы өткен кезде оның соттылығын алып тастауы мүмкін. Бұл ретте, Инспекция сотқа ұсыныс енгізеді, онда сотталғанның жеке басын, оның мінез-құлқын сипаттайтын деректер баяндалады. Ұсынысқа жұмыс орнынан, оқу және тұрғылықты жерінен мінездеме, оның мінез-құлқы және өмір салты туралы Инспекция қызметкерінің баянаты, сондай-ақ оның түзелуін дәлелдейтін құжаттар қосылады.

Ескерту: 133-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007.06.21. N 185 бұйрығымен.

134. Сотталғанның қоғамдық тәртіпті бұзғаны үшін әкімшілік жаза қолданылған жағдайда, Инспекция сотталғаннан түсініктеме алады және шартты соттаудың күшін жою мүмкіндігі туралы ескерту (2 қосымша) жасайды.

Ескерту: 134-тармақ өзгертілді - ҚР Әділет министрінің 2003 жылғы 1 наурыздағы N 35 бұйрығымен.

135. Тармақ алынып тасталынды - ҚР Әділет министрінің 2003 жылғы 1 наурыздағы N 35 бұйрығымен.

136. Егер сотталған Инспекцияның жазбаша ескертуінен кейін мінез-құлқын өзгертпесе, сондай-ақ сотталғанның жеке басына, қылмысының сипатына және жасаған іс-қылығына, оқуға, еңбекке деген көзқарасына қарай инспекция сотқа сынау мерзімін ұзарту туралы (1 қосымша) ұсыным жібереді. Сотталғанға сынау мерзімі ұзартылған жағдайда есепке алу журналына, бақылау-мерзімдік, карточкаға белгі соғылады, ол жұмыс істейтін ұйым, құжаттандыру және тіркеу бөліміне мен учаскелік полиция инспекторы хабардар етіледі.

Ескерту: 136-тармақ өзгертілді - ҚР Әділет министрінің 2003.03.01. N 35, 2007.06.21. N 185 бұйрықтарымен.

137. Сотталған бақылаудан бой тасалаған жағдайда Инспекция бастығы (аға инспектор, инспектор) сотқа шартты түрде соттаудың күшін жою және сот үкімімен тағайындалған жазаны орындау туралы ұсыным (1 қосымша) жібереді.

**Ескерту: 137-тармақ өзгертілді - ҚР Әділет министрінің 2003.03.01. N 35, 2007.06.21. N 185 бұйрықтарымен.**

138. Тармақ алынып тасталынды - ҚР Әділет министрінің 2003 жылғы 1 наурыздағы N 35 бұйрығымен.

139. Сот Инспекцияның сынау мерзімін ұзарту немесе шартты түрде соттаудың күшін жою туралы ұсынысын қанағаттандырудан бас тартқан жағдайда сот келесі ұсыным сотталған әкімшілік жаза шараларын қолдануға әкеп соққан тағы бір қоғамдық тәртіп бұзушылық жасаған соң енгізіледі.

**Ескерту: 139-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2005 жылғы 31 наурыздағы N 100 бұйрығымен.**

140. Бақылаудан бой тасалаушы деп жүрген жері Инспекция бастапқы іздеу іс-шараларын жүргізу нәтижесінде 30 күннен астам уақыт ішінде анықталмаған сотталған танылады. Бастапқы іздеу шараларын Инспекциялар осы Нұсқаулықтың 8-тараудың 171-тармақшасында белгіленген тәртіппен жүргізеді, ал олар сәтті болмаған жағдайда осы Нұсқаулықтың 8-тараудың 174-тармақшасында көзделген іс-қимылды жүзеге асырады.

**Ескерту: 140-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007.06.21. N 185 бұйрығымен.**

141. Шартты түрде соттаудың күшін жою туралы ұсынымда қоғамдық тәртіпті бұзуының нақты фактілері, Инспекцияға келмеген уақыты, оған қандай ықпал ету шаралары қолданылды, оған ол қалай құлақ асты, сондай-ақ мәжбүрлеп келтірулердің болуы көрсетілді. Ұсынымға жұмыс, оқу орнынан және тұрғылықты жерінен мінездемелер, Инспекция қызметкерінің сотталған мінез-құлқы, оның тұрмыс-салты туралы рапорты сотталғанның түсініктемелері және басқа да құжаттар қоса беріледі.

**Ескерту: 141-тармақ өзгертілді - ҚР Әділет министрінің 2003.03.01. N 35, 2007.06.21. N 185 бұйрықтарымен.**

142. Сынау мерзімі соттың үкімі заңды күшіне енген сәттен бастап есептеледі

Сынау мерзімі өткен кезде сотталғанның мінез-құлқына бақылау жасау тоқтатылады да, ол осы Нұсқаулықтың 7-тарауында белгіленген тәртіппен есептен шығарылады.

## **6. Жазаны өтеу мерзімін кейінге қалдыру қолданылып, сотталған жүкті әйелдер мен жас балалары бар әйелдердің мінез-құлқына бақылау жасау**

143. Сотталған әйел босатылған күні түзеу мекемесі оның тұрғылықты жері бойынша босатылған күні көрсетіле отырып, көшірмесі бар жеке іс соттың жазаны өтеу мерзімін кейінге қалдыру туралы ұйғарымын жібереді, оған: сотталған әйелдің мінездемесі, туыстарының оның өзі мен сәбиін қабылдауға, оларға тұрғын үй беру және сәбиімен бірге тұру үшін қажетті жағдай туғызуға келісуі туралы анықтама, жүктілігі туралы медициналық қорытынды не баласының туу туралы куәлігінің көшірмесі немесе баласының барлығы туралы анықтама, сондай-ақ Инспекцияға келу туралы қолхаты қоса беріледі.

**Ескерту: 143-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2005 жылғы 31 наурыздағы N 100 бұйрығымен.**

144. Түзеу мекемесінен келіп түскен сот ұйғарымының көшірмесі бар жеке іс қалалық, аудандық ішкі істер органының кіріс құжаттары журналында тіркеледі және бастықтың бұрыштамасымен Инспекцияға жіберіледі.

**Ескерту: 144-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2005 жылғы 31 наурыздағы N 100 бұйрығымен.**

145. Инспекцияда сот ұйғарымының көшірмесі бар жеке іс сотталғандарды есепке алу журналында (38 қосымша) тіркеледі, бақылау ісі (31 қосымша), күзет карточкасы (6 қосымша), статистикалық карточка (1 нысан) ашылады. Статистикалық карточканың бір данасы аумақтық ҚС және АЕКБ-на жіберіледі.

**Ескерту: 145-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2005 жылғы 31 наурыздағы N 100 бұйрығымен.**

146. Сотталған әйелді есепке қою туралы Инспекция қалалық, аудандық ішкі істер органының бастығына оның келуін, мінез-құлқына және жазаны өтеу мерзімін кейінге қалдыру кезеңінде тұрғылықты жері бойынша алдын алу іс-шараларының жүргізілуін бақылау үшін рапортпен (17 қосымша) баяндайды.

147. Жазаны өтеуді кейінге қалдыру кезеңінде сотталған әйелдердің мінез-құлқын бақылауда Инспекция тұрғылықты жері бойынша жүзеге асырады.

148. Инспекцияға келген күні сотталған әйелмен әңгімелесу өткізіледі, оның барысында оған жазаны өтеуді кейінге қалдыру шарттары, оларды орындамаудың салдары және қоғамдық тәртіпті бұзғаны, жаңа қылмыс жасағаны үшін, сондай-ақ баласын тәрбиелеу мен оны күтуден жалтарғаны үшін жауаптылығы түсіндіріледі, бұл жөнінде тілхат (11 қосымша) алынады.

Бұдан өзге, сотталған әйелдің сауалнамалық деректері, жақын туыстары туралы мәліметтер және оның мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыру үшін

маңызы бар басқа да мәселелер нақтыланып тексеріледі. Әңгімелесу нәтижелері туралы анықтама жасалады, ол тілхатпен бірге сотталған әйелдің бақылау ісіне қоса тігіледі.

Осымен бір мезгілде сотталған әйелдің есепке қойылғаны туралы баланы тәрбиелеуге және оны күтуге бақылауды қамтамасыз етуде өзара іс-қимылды жүзеге асыру үшін оның тұрғылықты жері бойынша қорғаншылық және қамқоршылық органдары хабардар етіледі.

149. Инспекция сотталған әйел келген күннен бастап үш күн мерзімде түзеу мекемесіне хабарлама (33 қосымша) жібереді.

150. Сотталған әйел жұмысқа орналастырылған жағдайда Инспекция оның жұмыс орны бойынша ұйымның әкімшілігіне хабарлау (29 қосымша) жібереді.

**Ескерту: 150-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007.06.21. N 185 бұйрығымен.**

151. Сотталған әйел босатылған күннен бастап екі апта мерзімде келмеген жағдайда Инспекция осы Нұсқаулықтың 8-тарауындағы 171-тармақшасында белгіленген тәртіппен бастапқы іздеу шараларын өткізеді, ал нәтижелерге қол жеткізілмеген жағдайда осы Нұсқаулықтың 8-тарауының 174-тармақшаларында көзделген іс-әрекеттерді жүзеге асырады.

152. Сотталған әйелдердің жазаны өтеу мерзімін кейінге қалдыру шарттарын сақтауына бақылау жасау мақсатында Инспекциялар:

1) Егер ақпараттық қызмет тарапынан сотталған әйелдер жол берген тәртіп бұзушылықтар туралы хабардар етудің автоматтандырылған тәртібі белгіленбесе, қалалық, аудандық ішкі істер органдарының қолданыстағы есептері бойынша ай сайын сотталған әйелдерді олардың әкімшілік ықпал ету шараларын қолдануға немесе қылмыстық жауаптылыққа тартуға әкеп соққан қоғамдық тәртіп бұзушылықтарын анықтау және жаңа қылмыстар жасауы тұрғысында тексереді.

2) тұрғылықты жері бойынша сотталған әйелдердің баланы тәрбиелеуден және оны күтуден жалтару фактілерін анықтау мақсатында ай сайын барып тұрады. Тексеру нәтижелері туралы анықтама жасалады, ол сотталған әйелдің бақылау ісіне қоса тігіледі.

3) Сотталған әйелдермен, олардың туыстарымен және оларға оң ықпал жасай алатын адамдармен алдын алу әңгімелерін өткізеді, сотталған әйелдерден жол берілген тәртіп бұзушылықтары туралы түсініктемелер алады. Олардың тарапынан баланы тәрбиелеу және оны күту жөніндегі міндеттерінен жалтару жағдайларының қоғамдық тәртіпті бұзушылықтар мен қайталап қылмыс жасаудың алдын алуға шаралар қолданады.

4) сотталған әйелдердің мінез-құлқын бақылауды олардың тұрмыс-салтына және осы Нұсқаулықтың 5-тарауындағы 130-тармақшасында аталған баланы тәрбиелеуге көзқарасын бақылауды жүзеге асырумен байланысты іс-шараларды



ж ү р г і з е д і .

5) сотталған әйелдердің баланы тәрбиелеуден және оны күтуден жалтару фактілері анықталған, тұрғылықты жері бойынша теріс мінездеме берілген ретте рапорт жасалады, ол әкімшілік полициясының кәмелетке толмағандар істері жөніндегі инспекторға тұрғылықты жері бойынша алдын алу іс-шараларын жүргізу үшін беріледі. Тексеру нәтижелері туралы рапорт жасалады, ол сотталған әйелдің бақылау ісіне қосу үшін Инспекцияға беріледі.

**Ескерту: 152-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2005.03.31. N 100, 2007.06.21. N 185 бұйрықтарымен.**

153. Сотталған әйелдің жазаны өтеу мерзімін кейінге қалдыру шарттарын сақтамауы мыналар:

1) әкімшілік жазалау шараларын қолдануға әкеп соққан қоғамдық тәртіпті бұзуы;

2) баланы тәрбиелеуден және оны күтуден жалтаруы болып табылады.

154. Сотталған әйел, егер ол:

1) баладан ресми түрде бас тартпай, оны әйелдер босанатын үйде қалдырса немесе балалар үйіне берсе;

2) қоғамға қарсы тұрмыс-салтын ұстанса және баланың тәрбиесімен және оны күтумен айналыспаса;

3) баланы туыстарына немесе өзге де адамдарға қалдырып кетсе;

4) бой тасаласа;

5) баланы тәрбиелеуден жалтаруын куәландыратын өзге де іс-әрекет жасаса, баланы тәрбиелеуден жалтарған болып саналады.

155. Тәртіп бұзушылықтардың осы тараудың 153-тармақшасында аталған кез-келгені анықталғаннан кейін Инспекция қызметкері сотталған әйелді шақырады, ал ол келмеген жағдайда тұрғылықты жері бойынша барады, одан жол берілген тәртіп бұзушылықтың себептері туралы түсініктеме алады, алдын ала әңгімелесу жүргізеді және жазбаша ескерту (2 қосымша) жариялайды.

156. Егер сотталған әйел екі мәрте жариялаған жазбаша ескертуден кейін баладан бас тартса не бой тасаласа немесе баланы тәрбиелеу мен оны күтуден жалтаруын жалғастырса, Инспекция сотқа жазаны өтеу мерзімін кейінге қалдырудың күшін жою туралы және сотталған әйелді сот үкімімен тағайындалған жазаны өтеуге жіберу туралы ұсыным (1 қосымша) енгізеді. Ұсынымға: жазаны өтеу мерзімін кейінге қалдыру туралы сот ұйғарымының көшірмелері мен сотталған әйелдің баланы тәрбиелеуден және оны күтуден жалтаруын растайтын материалдар, жұмыс орны мен тұрғылықты жерінен мінездемелер, әкімшілік полициясының кәмелетке толмағандар істері жөніндегі инспектордың оның мінез-құлқы мен тұрмыс салты туралы рапорты, басқа да құжаттар қоса беріледі.

157. Егер сотталған әйел бой тасаласа, Инспекция осы Нұсқаулықтың 8 тараудың 171-тармақшасына сәйкес бастапқы іздеу іс-шараларын жүзеге асырады.

158. Сот үкімінде көрсетілген кейінге қалдыру мерзімі біткеннен кейін не ол шетінеген жағдайда, не түсік тастаған жағдайда әйелдің тұрғылықты жері бойынша Инспекция оның мінез-құлқын, баланы тәрбиелеуге қатынасын, жазаның өтелген және өтелмеген мерзімдерін ескере отырып, сотқа сотталған әйелді жазаның қалған бөлігін өтеуден босату немесе жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңілімен алмастыруға, не оны түзеу мекемесіне жіберу туралы ұсыным (1 қосымша) жібереді.

Ұсынымда сотталған әйелдің жеке басын, мінез-құлқын және жазаны өтеу кейінге қалдырылған кезінде оның баланы тәрбиелеуге қатынасын сипаттайтын деректері келтіріледі, жұмыс орнынан мінездеме, қоғамдық қауіпсіздігі полициясының кәмелетке толмағандар істері жөніндегі инспекторының оның тұрмыс салты, мінез-құлқы туралы рапорты және басқа да құжаттар қоса беріледі.

**Ескерту: 158-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2005.03.31. N 100, 2007.06.21. N 185 бұйрықтарымен.**

## **7. Жазаны өтеуді тоқтату және сотталғандарды есептен шығару тәртібі**

159. Түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, бас бостандығын шектеу және белгілі бір қызметті атқару немесе белгілі бір іс-әрекетпен шұғылданду құқығынан айыру түріндегі жазаларды өтеу Заңға сәйкес жаза мерзіміне енгізілуі мүмкін өзгерістер ескеріле отырып, жазаның соңғы күні тоқтатылады.

Түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, бас бостандығын шектеу түріндегі жазаларды өтеген немесе одан басқа негіздер бойынша босатылған адамдарға анықтама (34, 23 қосымшалары) беріледі.

**Ескерту: 159-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2005 жылғы 31 наурыздағы N 100 бұйрығымен.**

160. Сотталғандарды жазаны өтеуден мерзімінен бұрын босату Инспекцияға тиісті құжаттар келіп түскен күні жүргізіледі.

161. Сотталған әйелді есептен шығару сот ұйғарымы келіп түскен күні жүзеге асырылады.

162. Мерзімді әскери қызметке шақырылуға жататын адам есептен шығарылғаннан кейін тиісті жергілікті әскери басқару органына хабарлау (35

**Ескерту: 162-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007.06.21. N 185 бұйрығымен.**

163. Түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, бас бостандығын шектеу шартты сотталғанды, сотталған әйелді және белгілі бір қызмет атқару немесе бір іс-әрекетпен шұғылдану құқығынан айыруға сотталғанды есептен шығару туралы аумақтық әділет органының тіркеу және құжаттандыру бөлімшелеріне хабарлау (36 қосымша) жіберіледі.

**Ескерту: 163-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2005 жылғы 31 наурыздағы N 100 бұйрығымен.**

164. Түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, бас бостандығын шектеу жазаларының басқа түрімен алмастыруға, шартты соттаудың және жазаны атқару мерзімін кейінге қалдырудың күші жойылуына байланысты сотталғандарды есептен шығару, сондай-ақ жаңа қылмысы үшін соттау сот шешімдері негізінде олар алынған күні жүргізіледі.

**Ескерту: 164-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2005 жылғы 31 наурыздағы N 100 бұйрығымен.**

165. Сотталғанды есептен шығару күні және негізі туралы сотталғандарды есепке алу журналында, түзеу жұмыстары және қоғам жұмыстарына тарту сотталғандардың жеке ісі және бақылау істері мен есепке алу карточкасына белгілер соғылады. Есептен шығарылған сотталғандардың жеке және бақылау істерін Инспекция бастығы мұрағатқа жөнелтеді.

**Ескерту: 165-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2005 жылғы 31 наурыздағы N 100 бұйрығымен.**

166. Ақтау үкімінің шығарылуына байланысты үкімнің күші жойылуына орай жазаны өтеуден босатылған адамға жазаны атқарушы орган бастығы оның мүліктік, еңбек, тұрғын үй және өзге де айырылған құқықтарын қалпына келтіру жөніндегі құқықтарын түсіндіреді. Босатылғаны туралы құжатта сотталған адамнан мемлекет атына ресми кешірім өтініледі.

167. Инспекция сотталғандарды мынадай негіздер бойынша:

1) Түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, бас бостандығын шектеу және белгілі бір қызмет атқару немесе бір іс-әрекетпен шұғылдану құқығынан айыру түріндегі жазаны өтеп шыққанда, шартты сотталғанда сынақ мерзімі өткеннен кейін және жаза өтеуін кейінге қалдыру мерзімінде;

2) Жазаны өтеуден кәнігі жалтарған жағдайда түзеу және қоғам жұмыстары басқа жазалармен немесе бас бостандығынан айырумен алмастырылғанда;

3) үкіммен тағайындаған шартты жазалау, жаза өтеуін кейінге қалдыру және сотталғандарды жазасын өтеуге бағыттауын тоқтатқанда;

4) I немесе II топтағы мүгедек деп танылған, қоғамдық жұмыс түріндегі

жазасын өтеп жатқан адамның босатылуы салдарынан;

5) түзеу жұмыстары, бостандығын шектеу түріндегі жаза өтеуін мерзімнен бұрын босатуына байланысты;

6) психиканың бұзылуына немесе ауыр дертінің салдарынан жазаны өтеуден босатылғанына байланысты;

7) шартты түрде соттаудың күшін жою және сотталғандықтан шығаруына байланысты;

8) рақымшылық жасау актісінің күшіне сәйкес;

9) кешірім жасау актісінің күшіне сәйкес;

10) істі өндіріспен тоқтатумен үкімнің жоюына байланысты;

11) жаңа қылмыс жасаған үшін сотталғанына байланысты;

12) Инспекция қызмет көрсететін аумағынан тұрғылықты жерін ауыстыруына байланысты;

Инспекция қызмет көрсететін аумағынан тұрғылықты жерін ауыстыруына байланысты өтеу мерзімінің аяқталғанына дейін кеткен тұлғаларға жаңа тұрғын орны бойынша хабарлау жіберіледі.

Жеке және бақылау істері, ал түзеу жұмыстарға сотталғандардың Инспекция бастығы қолымен мөрленген есеп карточкаларының көшірмелері сотталғандардың жаңа тұрғылықты орны бойынша Инспекция сұрауымен тапсырыс почта арқылы жіберіледі. Сотталғандардың жаза өтеудің жаңа тұрғылықты орнындағы Инспекциясы жеке және бақылау істерін және есеп карточкаларының көшірмелері алынғаны туралы тез арада құжат жіберген Инспекцияға растау жібереді;

13) азаматтық балама қызметке немесе әскери қызметке түсуіне немесе шақырылуына байланысты;

14) өлуіне байланысты;

15) Қазақстан Республикасы Заңнамасымен көзделген өзге де негіздемелер бойынша есептен шығарды.

**Ескерту: 167-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2005.03.31. N 100, 2007.06.21. N 185 бұйрықтарымен.**

168. Инспекциядан есептен шығару үшін негіздеме бар-жоғын дәлелдейтін құжаттары:

1) түзеу жұмыстары өтелмеген мерзімін басқа жазалармен алмастырылғанда, жазаны кейінге қалдыру және шартты соттаудың күшін жою сотталған әйелді босатқанда, немесе жазаның өтелмеген бөлімін неғұрлым жеңіл жазамен алмастыруында, істі өндіріспен тоқтатуына, психиканың бұзылуы, ауыр дерт, I немесе II топтағы мүгедек деп тану салдарынан жазаны өтеуден босатылуына байланысты үкім жоюында, қоғамдық жұмыстардан, бас бостандығы шектеуден шартты мерзімінен бұрын босатуда тиісті сот органдарының қаулы,

ұйғарымдарының

көшірмелері;

2) түзеу жұмыстарын өтеген тұлғаларға қатысты сотталғанның жалақысынан және ұстап қалуларының жалпы сомасының жаза өтеу мерзіміне енгізілген уақыт есеп айырысуы жасалған есеп карточкасы;

3) Рақымшылық немесе кешірім жасау актілеріне сай олардың орындалуы жүктелген құзырлы органдардың құжаттары;

4) Жаңа қылмыс жасаған сотталғанға байланысты заңның күшіне енуі туралы өкімімен сот үкімі көшірмесі;

5) Сотталғанның өлгені туралы ЗАГС органынан анықтама;

6) Жаңа тұрғылықты орны бойынша Инспекцияға сотталғанды есепке қою, жеке және бақылау істерінің алынғаны туралы хабарлама;

7) сотталғанның әскери бөліміне келгені және есепке қоюы туралы хабарлама

**Ескерту: 168-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2005.03.31. N 100, 2007.06.21. N 185 бұйрықтарымен.**

## **8. Бастапқы іздестіру шараларын өткізу**

169. Инспекция бастықтары (аға инспектор, инспектор) қоғамнан оқшауланған емес сотталғандарды іздестіру бойынша бастапқы іздестіру шараларын өткізеді.

**Ескерту: 169-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007.06.21. N 185 бұйрығымен.**

170. Сотталған жүкті әйел және жас балалары бар әйелдер босатылған күнінен бастап екі апта мерзімде, сондай-ақ сот үкімімен бас бостандығын айыру бас бостандығын шектеуге ауыстырғаннан кейін түзеу мекемесі әкімшілігімен белгілеген мерзімде келмеген жағдайда Инспекция белгілеген тәртіпте іздеу жариялайды.

**Ескерту: 170-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 2007.06.21. N 185 бұйрығымен.**

171. Іздеу жөніндегі бастапқы іс-шараларды жүргізу кезінде Инспекция қызметкері:

1) Сотталғанның туыстарын, көршілерін және оның байланыстары мен ықтимал жүрген жері туралы мәліметтерден не сотталғанды іздеуге жәрдемдесуі мүмкін өзге деректерден хабардар болуы мүмкін басқа да азаматтарды сұрастырады;

2) Сотталған жұмыс істеген ұйым арқылы оның ықтимал жүрген жері туралы деректерді, сондай-ақ жергілікті әскери басқару органы, мекен-жай анықтамалық бюросы арқылы тіркелген жерін, іс жүзінде тұрғылықты жерінің мекен-жайын

а н ы қ т а й д ы ;

3) Ішкі істер органдарының есептері бойынша қамауға алынғандардың, сотталғандардың, тұрақты мекен-жайы жоқ тұлғаларына арналған бөлу-қабылдағыштағы ұсталғандардың арасынан, сондай-ақ медициналық мекемелердің, мәйітханалардың, жазатайым оқиғаларды тіркеу бюроларының есептері бойынша бой тасалаған адамды анықтау мақсатында тексерулерді жүзеге асырады ;

4) Басқа аймақтардың ішкі істер органдарына ізделушіні оның туыстары мен таныстарының тұрғылықты жері бойынша сұрау салады.

**Ескерту: 171-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007.06.21. N 185 бұйрығымен.**

172. Бастапқы іздестіру шараларын өткізгенде жаза өтеуден бой тасалаған сотталғанға қатысты келесі деректер жиналады: сотталғанның тұрғылықты орны бойынша түсініктемелер (көршілерінен, туыстарынан) жұмыс орнынан, мекен-жай бюросы, аумақтық әділет органының тіркеу және құжаттандыру бөлімшелері, криминалдық ақпарат басқармасы тұрақты мекен-жайы жоқ тұлғаларына арналған бөлу-қабылдағыш, емдеу мекемелері, мәйітхана арқылы тексеру туралы анықтамалар, сондай-ақ сотталғанның жеке басы және байланыс сызбалары туралы анықтама .

**Ескерту: 172-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2005 жылғы 31 наурыздағы N 100 бұйрығымен.**

173. Бастапқы іздестіру шаралары барысында алынған деректер сотталғандардың жеке және бақылау істері қоса тігіледі.

**Ескерту: 173-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2005 жылғы 31 наурыздағы N 100 бұйрығымен.**

174 . а л ы н ы п т а с т а л д ы

**Ескерту: 174-тармақ алынып тасталды - ҚР Әділет министрінің 2007.06.21. N 185 бұйрығымен.**

175. Егер бастапқы іздестіру шаралары нәтижесінде сотталғанның орналасқан жері анықталмаса, Инспекция сотқа іздеу жариялау туралы ұсыным (1-қосымша) жасайды. Сотталғанның орналасқан жері анықталғаннан кейін сот үкімімен тағайындалған шартты түрдегі жазаны, жаза өтеуді кейінге қалдыру, қоғам және түзеу жұмыстарын алмастырып бас бостандығын шектеуге, қамауға, бас бостандығынан айыруға, бас бостандығын шектеуді, бас бостандығынан айыру туралы бастапқы іздестіру шараларының материалдар көшірмелерімен сотқа ұсыным енгізіледі

**Ескерту: 175-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 2007.06.21. N 185 бұйрығымен.**

176. Сотталғанды іздестіруді жариялау туралы сот шығарған қаулысынан кейін бастапқы іздестіру шараларының материалдар көшірмелері ішкі істер аудандық, қалалық, криминалдық полиция қызметіне одан әрі іздестірілуіне жіберіледі.

Ескерту: 176-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007.06.21.

№ 185 бұйрығымен.

177. алынып тасталды

Ескерту: 177-тармақ алынып тасталды - ҚР Әділет министрінің 2007.06.21. № 185 бұйрығымен.

1 қосымша

(с от а та у ы)

### ҰСЫНЫМ

Мен, \_\_\_\_\_  
(лауазымы, атағы, тегі, аты-жөні)

\_\_\_\_\_ (аймақтық органының атауы)

материалдарды қарап \_\_\_\_\_  
(аты-жөні, туған жері және жылы)

сотталғанға "\_\_\_" \_\_\_\_\_ 200\_ ж. \_\_\_\_\_

(сот атауы)

ҚР ҚК-нің \_\_\_\_\_ бабы бойынша \_\_\_\_\_

(жаза мерзімі және түрі)

"\_\_\_" \_\_\_\_\_ 200\_ ж. бастап қылмыстық-атқару инспекциясында  
е с е п т е т ұ р а т ы н

### А Н Ы Қ Т А Д Ы М :

\_\_\_\_\_ (сотталғанның түрі мен шешілетін сұраққа байланысты көрсетіледі:

\_\_\_\_\_ ұсыным шығарылған кезеңдегі жазаның өтелген және өтелмеген мерзімі,

\_\_\_\_\_ сотталғанның мінез-құлқын, еңбекке көзқарасын, оған сот жүктеген

\_\_\_\_\_ міндеттерді орындауын, баланы тәрбиелеу мен оған қарау міндеттерін,

\_\_\_\_\_ қашан және қандай жазаны өтеу тәртібінің бұзылғаны, қоғамдық тәртіп.

тің, алып келулер, қашан инспекциямен шығарылған ескертулер,  
\_\_\_\_\_  
сотталғанның денсаулығы жайында, мүгедектілік тобын анықтау, \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
психикасының бұзылуының немесе басқа ауыр ауруының болуы, жүктілік \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
және босану демалысының берілген мерзімдері, ал тұрғылықты жері \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
белгісіз кісілерге, инспекция бақылауынан және жазаны өтеуден \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
жалтару мақсатында бой тасалаған және де бастапқы іздеу  
\_\_\_\_\_  
іс-шараларының \_\_\_\_\_ нәтижелері \_\_\_\_\_ көрсетіледі)  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

(1 қосымшаның сырт жағы)

Жоғарыда айтылған жәйттардың негізінде және Қазақстан  
Республикасы Қылмыстық кодексінің \_\_\_\_\_ басшылыққа ала отырып,  
(ҚР ҚК-нің бабы көрсетіледі)

Сотталған \_\_\_\_\_

( а т ы - ж ө н і )

\_\_\_\_\_ сотқа мәселені шешу үшін \_\_\_\_\_

( с о т а т а у ы )

\_\_\_\_\_ (босатылуы, мерзімінен бұрын босатылуы, немесе жүктілігіне \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

